Сүйекке, темірге, тасбақа қалқандарына түсірілген бал апту жазбаларының бәрінде дерлік ежелгі қытайлардың көкке, табиғат бөлшектеріне табынған наым, сенімдері және ауа райының құбылысын алдын-ала болжаудағы бал апту арқылы жасалған тұжырымдары жазылған. Бұл келтірілген ой қорытындысын Ф.С.Быковтың: «Иньская гадательная надпись свидетельствуют о поклонении “верховному владыке”— “шанди”. Ему принадлежить верховная власть над миром природы и человека. Представления о “шанди” и “тянь” являлись первоосновой всех

древнекитайских религиозных воззрений”, – деген сөзімен бекемдей түсуге болады [4, 32].

Көне қытайлардың сүйекке, өзге заттарға түсірген жазбалары қабыр басына қоюға арналмағаны айқын танылыш түр. Ежелгі қытай наым, сенімін бұқара халыққа жеткізу үшін арнайы сүйекке, тасбақа қалқанына және темірге жазу кең етек алған. Көне қытайда әйгілі кеменгерлердің даналық толғауларың, философиялық ойларын арнайы көрнекті жерлерге тұргызылған биік қабыргаларға, жалшак тастарға жазып қою ежелгі замандаға қолға алынды. Эрі осы дәстүр ғасырдан ғасырларға жалғасып, кейінгі кезеңге дейін келді. Мысалға, қытай халқының әлемге әйгілі ойшылы “Дао” ішінің негізін жазып қалдырған Лао-цзы (б.з.б IV-III ғ) мен даналық толғаулардың жинағы больш есептелінетін “Лунь юй” кітабының авторы Конфуцзының мәңгі көнермейтін философиялық тұжырымдары барша жүргізкендегі жолмен жеткізілді.

Бұл айтқанымыздың нақтылығын Л.С.Переломовтың: “Текст начали составлять еще при жизни Конфуция его ученики, которые стремились сохранить мысли учителя. Кононизация памятника произошло в эпоху Хань (III в. до н.э.–III в.н.э.); Тан (618–917) текст был выбит на каменных стелах. Именно этот вариант дошел до наших дней”, – деген тұжырымы айғақтай түседі [5, 5]. Сол кеменгерлердің үлкен тасқа жазылған көлемді толғаулары ұрпақтан ұрпаққа осындай әдіспен жеткізіліп, насхихатталуда. Қазір Конфуцзы институты әлемнің 40-тан астам елінде бар. Қытайдың дәу тасқа жазылған даналық жазбалары жыр үлгісінде жасалғаны ғылыми тұрғыда айқындалды. Ежелгі қытайдың үлкен тастарға түсіріліп орнатылған рухани мұраларын қабыр басындағы құлшытас деп айтуға ешкімнің аузы бара қоймас.

Осы келтірілген рухани мұралар мен тарихи деректерді, ғылыми ойшіктерді жинақташ қорытып, Орхон бойындағы Құлтегін, Тоныкеқ, Білге қаған, Құлі-Чұр және Онгин жазба ескерткіштері қабыр басына қойылған құлшытас емес, көне Вавилон патшасы Хаммурапи шығарған заңдар жиынтығы жазылған барық – храм қабыргадай, Шумер патшасының биік блокқа түсірген көлемді жазбасындағы, Египеттің көне патшалығы тұсында “Палерм тасына” түсірілген шежіре-жыр жазбасындағы, қытай халқының кеменгері Конфуцзының даналық толғауы түсірілген жазба тастай, бұқара халыққа арналған үндеу, ерлік жорықтары дәу тастарға жырмен жазылған тарихи жыр-дастан деген тұжырым жасалынды. Екінші сөзбен айтқанда, Орхон ескерткіштері – түркі халқының империя орнатудағы ұлы мақсат, міндеттері, манифесі жазылған мәңгілік рухани мұрасы деуге де келеді.

Шығыс халықтарының біз талдау жасап отырған дәу тастарға, храм қабыргаларына түсірілген халыққа арналған үндеу, ерлік жайлы көлемді жазбалары ең алғаш қашсан, қай жерде туып қалыптасты? Сол бағзы заманының әлгіндей құнды жазбаларын бір-бірімен салыстырып қарасақ,

мысалға, Вавилон патшасы Хаммураши шығарған заңдар жиынтығы шамамен б.з.б. 1792-1750 жылдар аралығында жазылысты. Ежелгі шумерлер патшалығында сына жазуымен төрг қырлы биік балшық блокқа түсірілген көлемді жазба ғалымдар үйғармы бойынша б.з.б. 1820 жыл шамасында дүниеге келген. Егишеттердің көне патшалығы дәүірінде Палерм тасына түсірілген көлемді шежіре-жыр жазбасы шамамен б.з.б 2700-2400 жылдар аралығында жасалынышты. Көне қытайлардың діндік нанымы, болжаяу айтылып, сүйекке жазылған бал ашу жазбалары шамамен б.з.б. 2 мыңжылдықтың соңына таман көрініс тапса, ал Конфуцзыданалық толғауы жазылған үлкен тастар ашық алаңдарға шамамен б.з.б. III ғасырдан бастап орнатыла бастапты.

Дәу тастарға, храм қабырғаларына жазылған халыққа арналған үндеу, дін қағидалары, заң балтары, қаһармандық жайлы түсірілген көлемді жазбалар қай елде бұрын пайда болғанын анықтауда еске саларымыз, жоғарыда атап көрсетілгендей, көне егишет патшалары әулеттерінің билік құрған кезеңдерін және олардың дәу тастарға түсірген көлемді жазбаларының уақытын анықтауда сол салаларды зерттеген мамандар әлі де бір шешімге тоқталмай, болжамды мәлімет айтумен шектелуде. Осы аталған көлемді жазба ескерткіштердің ішінде ежелгі шумерлердің сына жазба мұраларының дәүірі мүмкіндігінше толық айқындалып тұр. Әрі шумерлерде көлемді жазба ескерткіштер жасау кеңірек өріс тапқанына көз жеткізілді. Шығыстанушылар да шумер сына жазуы әлемде бірінші болыш пайда болғанын бір ауыздан макұлдады.

Дүниежүзі ғалымдарына ортақ зәру мәселе – алғашқы жазудың қай жерде туып, қалыптасқаны, жан-жаққа тарағаны жайлы В.И.Авдиев: “Очевидно, что клинопись раньше всего возникла именно у шумерцев, а затем была от заимствована вавилонянами, которые ее в свою очередь передали ассирийцам, а через них древним персам”, – деп байлам жасайды [1, 27]. Бірақ ол солай үйғарым жасағанына дәлел келтірмейді. В.И.Авдиев шығыстану ғалымдары ертеректе білдірген байламды қайталаумен тоқталады. Бір таңданатын жағдай, көне түркілердің тек қана дәу тасқа қашаш түсірілген көлемді жазбалары дүниенің біргалай аймағанда қазірдің өзінде самсап тұр. Әлем ғалымдары жабылып жинастырып жатса да әлі санына жете алмай шаршауда. Атап көрсетсек, қабырға тасқа түсірілген көне түркі руна жазбалары Енисей, Талас, Алтай, Орхон бойларында онда, жүздел саналады. Биік тастарға арнайы түсірілген көне түркі руна жазба мұралары санының көптігі және бір жерден ғана емес, әр аймақтан молынан табылуы, ондағы көлемді жазбалардың маңызының құндылығы жағынан әлемде оған тең келетін тасқа, храм қабырғаларына түсірілген көлемді жазбалар жоқ деп айтуға болады.

Көне түркілердің дәу тастарға түсірілген жазбалары жайлы В.И.Авдиев “Көне Шығыс тарихы” деген еңбегінде ең болмаса атап та

өтпейді [1]. Өзге шығыстанушы ғалымдардың көбісі де осылай, мәрмәр тастарға өшірілмесстей етіп жазылған, бағзы заман қойнауынан мәңгілікке жол тартқан көне түркі руна жазбалары жөнінде аузын ашпай, тарихи еңбектерге, окулықтарға енгізбей келеді.

Ал басқа елдер өздері мекендеген жерлерден археологиялық жұмыс күшімен қазып, шұқыш, құрастырып ташкан бір-екі жазба мұраны әлемге айқай сала таратып, әйгілейді.

Бұған қалай түсінуге болады? Тек арнайы өндөлген, биік жалشاқ тастарға көлемді етіп түсірілген көне түркі руна жазба мұралары санының көптігінен дүние жүзінде алдыңғы қатарда тұрганын қадаш айтуға, тіпті өзгeler мойындағанша жар сала беруге тұра келеді. Көне түркілерде өмірде тозбайтын дәу тастарға халыққа арналған құнды мұраларды көлемді етіп түсіріп, мәңгілікке қалдыру кезінде дәстүрге айналған.

Түйіп тұжырымдасақ, дәстүр – ұзақ дәуірдің жемісі. Көне түркілерде халыққа бағышталған үндеу, гимн, заң, дін қағидаларын, ел қорғаудағы жеңісті биік тастарға көлемді етіп жазып, мәңгілікке қалдыру алғаш зор жақалық болып, кейін дәстүрге айналып, өмір игілігіне жараң, ілгері жол тартты. Көне түркі жазуы, әдебиеті дәу тастарға жазылған рухани мұралары және нағызы мен дәстүрі әлемдегі алғашқы мәдениеттің қатарында ерте дәуірде жасалынғанын біз тарихи-типологиялық, синтездік тұрғыда терең зерттең, ғылыми негізде қорытындылады. Бірақ, кеңес дәуірі сайсаты өзек болған шығармалар мен тарихи деректерді ғылыми тақырып етіп альш дайын мәліметтерді пайдаланып, оп-оңай қорғаған кейбір адамдар сол салада билік тағына отырғаннан кейін бабалар жасаған рухани мұралар төңірегінде тың ғылыми жақалық ашқан еңбектерді дұрыс бағаламай, едөүір кедергі жасады. Сонымен, көне түркі руна жазуы мен дәу тастар қабыргаларына түсірілген көлемді рухани мұралары әлемдегі алғашқы жазбалардың қатарында жасалынғаны жөніндегі біздің қорытынды тұжырымынызды А.Бахтидің: “Именно шумеры создали первыми в долине месопотами древнюю культуру и цивилизацию, которая легла в основу культуры тюркских народов. Мы увидели, что шумеры, шлемена азиатского происхождения”,—деген шікірі нақтылай түседі [2, 23, 120].

Расында, көне түркілер мен шумерлердің тілі мен төл жазулары, нағызы, дәстүр-салты жағынан едөүір ұқсастықтар бар, бұл мәселелерге бұрынғы еңбекте талдау жасалынып, түйінделді. Көне түркі руна жазуымен биік тастар қабыргаларына көлемді рухани мұраларды жазып қалдыру дәстүрі Шығыста алғашқылардың қатарында жасалынып, өзге елдерге тарагандығын, біріншіден, түркілердің негізін қалаган Сак, Фұн, Үйсін, Қаңды тайшалары өзара бірігіп, б.з.б. Х ғасырдан бастап құшті мемлекет бола бастағаны айқындаі түседі. Сол тұстарда көне түркі руна жазуы, бейнелеу өнері толық қалыштасып, жан-жаққа тарады.

Бұған көне иранның ежелгі Персеполе қаласынан табылған тасқа түсірілген “скиф жауынгерлері” атты сурет толық дәлел болыш, бағзы заманда-ақ көне түркілердің төл мәдениетінің үлгілері айналасындағы елдерге тарағ, даңқы жайыла бастағанын танытады. Бұл мәселе жайлы В.И.Авдиеvтің “парсылар көне шығыс халықтарының көштеген мәдени жетістіктерін кеңінен пайдаланды”, – деген сөзі біздің жасаған байламымызды растай түседі [1, 474]. Сондай-ақ, көне түркілер бағзы заманда Шығыстың бірсыныра елдерін өзіне бағындырыды. Бұған Гередоттың “Скифтер 28 жыл Алдыңғы Азияға билігін жүргізді” деген сөзі дәлел [6, 172]. Көне түркілердің Мидияны жауап алыш, Алдыңғы Азияға ұзақ уақыт билік құруы шамамен б.з.б. VIII ғасырға жатады. Көне түркілер сол кездерде өздерімен бірге төл жазуын және үлкен тастарға құнды рухани мұраларды көлемді етіп жазып қалдыру дәстүрін ала барған, сол үлгі тұтар жетістіктерді өзге елдер қабылдан алыш, әрі қарай жалғастыра түскені байқалады. Әлемдегі алғашқы жазу мәдениетінің ошағы Орта Азия болғанын батыл айтуда керек. Бұған осы жолы да сез арасында бірталай мәліметтер келтірілді.

Бұл зерттеу жасап отырған саламен тікелей сабактас, елеулі мәселе бар. Шығыстанушы ғалымдардың кейбірі ежелгі шумерлер мен көне түркілер мекендеген жерлерден табылған құдірет тұтар тұлғаларды мегзейтін биік мұсін ескерткіштерді де қорым басына қойылған арнайы белгі деген тұжырым жасады. Мұндай болжам да тарихи шындыққа онша сәйкес келмейді, сөуегейлікпен айтыла салынған әншнейін қаңғыма сөз. Тіпті шумерлердің көне мәдениетімен етене хабардар А.Бахти: “Стояли каменные статуи с чашами (некоторые статуи женского пола), эти изваяния и были внешним атрибутом, т.е. символом тенгринского захоронения. Возможно, эти статуи и были прообразом шумерской богини Иштар”, – деп екі ұшты болжам айтады [2, 54]. Ал шындығында, әлгіндей үлкен мұсін ескерткіштерді қандай мақсатта жасап, орнатқан? Бұл мәселенің ақиқаты мынадай: бұрын қажетті тұстарда сөз еткендей, ежелгі шумерлер мен көне түркілер ұзақ уақытқа дейін табиғат бөлшектеріне тағым етіп, өмірге үрпақ әкелудің де өз құдайы бар деп санады. Мысалға, ең көне дін зороастризм қағидалары жазылған “Авеста” кітабында ана мен дүниеге келер перзенттің құдайы “Аши” деп аталағы.

Қасиетті кітапта Аши құдайдың гимн-жыры бар. Сол құдай-ана әйел атаулының ар тазалығын, отағасына адалдығын, олардың бала тәрбиелеу парызын қалай орындаитынын бақылаш, дүниеге келер сәбиді жаманшылық әкелуші қара ниеттілерден қорғайды. Шумерлер нанымы да сондай, олар құдай-ананы “Иштар” деп аташ, табынады. Көне түркілер де ежелден құдай-анага бас иген. Қазақтар мен қыргыздар әйел мен сәби құдайын “Ұмай-ана” деп атайды. “Ұма” сөзінің төркініне үнілсек, түркі текстес халықтардың бірталайында ер кісінің еркектік ұрық шыгаратын қос жұмыртқасын тұтастай

## Еңсегенұлы Т., Тоқболат С. Орхон жазбаларының аптылмаған...

“ұма” дейді. Соған орай, “Ұмай-ана” ұрпақ әкелуші деген ұғымды білдіретіні танылыш түр.

Бұл дәстүр шумерлер мен көне түркі тайшаларының өмір тірлігіне ертепек мықташ енген. Мысалға, ежелгі шумер жерінен табылған қолыңдағы құмыраны ішпіне баса ұстаған мейрімді әйел мұсіні қабыр басына орнатылған ескерткіш емес, құдай-ана бейнесі. Сол үлкен мұсінің фотокөшірмесі А.Бахти кітабында бар [2, 54]. Шумерлер құдай-ана ескерткішін жасап, соған тағзым етіш, жалбарынған. Көне түркілер де сол дәстүрді сақтады. Еске саларымыз, Астана қаласындағы қос қолдай ұстаған тостағанын мейірлене ілтері ұсынған әйел бейнесіндегі биік ескерткішті шумерлерден қалған құмыра ұстаған құдай-ана бейнесінің нақ өзі деуге келеді. Сол ескерткішті “Ұмай-ана ескерткіші” деп, көне түркі дәстүрінің мәңгілік өміршендігінің көрінісі тұрғысында ұғынған дұрыс болар. Бұл сәбілік ойдың, мифтік сананың белгісі емес, керісінше табиғат заңдылығың, түркі діні, дәстүрін сақташ, орындаш, жаратылыс бөлшектерін аялаш, күтпесең, табиғат-ана бізді асырамай, ғұмырыңың қыскаруына, ұрпағыңың азауына апарып соқтырады. Соған сәйкес, көне түркілердің Ұмай-анаға тағзым етуі – ұрпақ жалғастыру шарызды ояту дәстүрі, даналықтың белгісі. Бұл қазіргі уақыттың да көкейтесті талабы.

Қысқасы, көне түркілердің бағзы заманнан өздерімен бірге жасап, өміріне өзек болған нағым, сенімің, дәстүрің, олар табынған дінің қағидаларын білмей, көне түркілер жасаған ұлан-асыр мәдениеттің өзіндік ерекшелігін ұғынбай Еуропа ғалымдарының көбісі Орхон бойындағы биік, жашақ тастанарға түсірілген көлемді жазба ескерткіштерді “Қабыр басындағы құлшытас” деп ұйгарым жасап, көне түркілердің мәңгілікке қалдырган тастағы жазбаларың, биік храмдарың, сан-алтуан мақсаттарды бейнелеген мұсін тастанарды түгелдей дерлік сындырыш, қиратыш, сол мәдени құнды мұралардың айналасың, тұрган жерін түгел қазың, қырғын соғыс болған бекіністей, тас-талқан етіп бұлдірді.

Орхон бойындағы жазба ескерткіштерді зертеуге ұмтылған шетел ғалымдардың көбісінің басты мақсаты – осы өңірдегі көне түркі мәдени ескерткіштерге түгелдей қазба жұмыстарын жүргізу болды. Көзделген нысанаға жетуде олар сол өңірдегі Құлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, Құлі-Чұр... кешендерінің, ондағы биік жазба ескерткіштер мен әр түрлі бейне түсірілген мұсін тастанардың, арнайы тұрғызылыш өрнектелген храм қабырғалары мен шарбақ тастанардың әрқайсысының астын жеке-жеке қазыш шығу жоспарларын жасады. Мұндай жабыла қазу әрекеттердің туындауына Орхон бойындағы мәдени ескерткіштерді тауың, жария етіш, зертеуші, саяхатшы, археолог ғалымдардың бәрі дерлік бұл өңірдегі жазба ескерткіштерді “Қабыр басына қойылған құлшытас” деген мағынада ортақ тұжырым жасады.

Атап көрсөтсек, Орхон бойындағы жазба ескерткіштерді тауыш, жария етушілердің бірі Н.М.Ядринцев 1889 және 1891 жылдары Монголия жерінде болып, ондағы Құлтегін, Білге қаған кешендерімен танысып, зергтеу жұмыстарын жасағаннан кейін, ақырында Құлтегін, Білге қаған жазба ескерткіштерін “жалшақ қабыр”, “жалшақ тасты төрт бұрышты қабыр” деп мәлімдеме жасады [7, 1-3]. Ол мұндай дақышыр туғызар, өзгелерге бөтенші ой салып, дүниекүмарлықты қоздырар шікірін қандай негізге сүйеніп айтқанын дәлелдемейді. Мүмкін, көне түркі тайша, қағандарының билеушілері дүниеден өткенде олардың жинаған байлығы асыл заттары, қымбат мұліктері өздерімен бірге көміледі деген лақап сөз мәңгілік мәдени мұраларға оның апкөздікпен, құлқын қамымен қарауға итермелеген шыгар.

Сондай-ак, белгілі археолог Д.А.Клеменц (1844-1914) дәу тасқа түсірілген көне түркі жазба ескерткіштеріне өзінші зергтеу жасай келіп, тастағы жазба мұралардың бәрін “қабыр басына жазылып қойылған сөз (құлшытас)” деген тұжырым жасады. Ол кейін осы сала бағытындағы білікті маман ретінде сөз алыш, көне түркі жазба ескерткіштері орнатылған жердің бәрін “Бектер қабыры” деп атады [8, 13-23]. Осы аталған екі зергтеуші 1891 жылы В.В.Радлов басқарған Ресей экспедициясы құрамында Орхон бойындағы көне түркі мәдени ескерткіштерін зергтеуге қатысты. Сол кезде-ақ олар Орхон бойындағы көне түркі мәдени мұраларына сүйк қолдарын сұқты. Мысалға, Н.М.Ядринцев 1889 жылы бұл өңірге алғаш келгенде-ак көне түркілерден қалған мұралардың ішіндегі ең қымбат жәдігерлердің біразын өзімен бірге Россияға алыш кеткен [9, 62]. XX ғасырдың екінші онжылдығының алғашқы жылынан бастап Орхон бойындағы көне түркі мәдени ескерткіштеріне ұзақ уақыт іздестіру және қазба жұмыстарын жүргізген Польша, Ресей ғалымдары В.Л.Котович, П.К.Козлов, Б.Я.Владимиров және басқалар Орхон бойындағы тасқа түсірілген көне түркі жазба ескерткіштерін “Бектер қабыры басындағы жазба” деген сөуегейлік байлам жасады.

Сондай желеумен олар Орхон бойындағы Құлтегін, Білге қаған, Топыкек, Құл-Чұрга арналған көлемді жазба тастардың және Орхон бойындағы сондай жазба мұралардың, астынан түркі қағанаты билеуші, қолбасшыларының қабырын табу мақсатында арнайы қазба жұмыстарын жүргізді. Сонымен қоса, жоғарыдағы есімі аталған түркі қағанаты басшылары құрметіне тұрғызылған кешендердің қабырғалары мен айналасын, ондағы сандаган мүсін тастардың және шарбақтастардың астын қазу арнайы жүктелген міндеттер болыш табылды. Бірақ қабыр орындарын ташады.

Осы кезде Монгол жеріндегі көне түркілердің өзге де мәдени ескерткіштері мен қала, қорған орындарына археологиялық қазба жұмыстары қатарласа жүргізіліп, кейін де жалғастық тапты. Нақтылаң атасақ, Орхон бойындағы жазба ескерткіштерді, шарбақтас, кешендерді 1891, 1912, 1924,

## Еңсегенұлы Т., Тоқболат С. Орхон жазбаларының апсылмаган...

1933 жылдары қаздырган В.В.Радлов, В.А.Котович, П.К.Козлов, Д.Д.Букинничтер, таң сондай іспен айналысқан өзге де бірнеше экспедициялар өлті жазба ескерткіштер тұрған жерден, сол тәндектерден қабыр орнын мүлде кездестірмеген. 1958 жылы құрылған монгол-чех археологиялық экспедициясы Құлтегін кепенінің іші-сыргын түгел қазып шығып, ешқандай қабыр орнын таба алмады. Көне түркілердің мәңгілікке қалдырган көлемді жазба ескерткіштері мен кепендерді, әр түрлі мақсатта жасалған мүсін тастандарды жабайылықпен қиаратып, тонауга түсіргені үшін сол ғалымдарды қазір әлем жүргішілігі алдында айыштауға болмай ма? Көне түркілердің жазба ескерткіштері неге өзге біреулердің ойына келгенін жасап бұлдіретін ойыншығына айналған? Ежелгі замандардан жеткен құнды мәдени мұраларды осылай қорлауға бола ма?

Арнайы сұрышташ дайындалған биік те жалпақ мәрмәр тастандарың қырларына көркемдеп түсірілген көлемді көне түркі руна жазба ескерткіштерінің адам қолымен құлатылып, талан-таражға түсін – сол мұраларды зерттеген ғалымдардың көне түркі дәстүрін, нанымын, олардың ежелгі замандағы Тәңірге табыну көне дінінің қағидаларын жете білмегенінің салдары. Көне түркі нанымы, дәстүрі бойынша қайтыс болған адамның денесі өртөлінің, оның күлі желге ұшырылады немесе суға шашы жіберіледі. Мұндай дәстүрдің бірнеше маңызды шешуі бар. Біріншіден, қайтыс болған кісіні От-анаға тапсырады. Екіншіден, мәйіт күлін желге ұшыратыны – Тәңірге табыну дінінің қағидасында қайтыс болған адамның жаны көктегі Тәңірге – жаратушыға қарай ұшып кетеді. Бұған Құлтегінге айналған жазба ескерткіштің соңында, тастың онтүстік-шығыс қырына қара сөзбен түсірілген жазудағы: “Қайтыс болды, көкке ұшты. Тәңірі тірі еткізді”, – деп түйінделген сөз дәлел болады [10, 234]. Көне түркі нанымы бойынша өлтір адамды өртеп күлге айналдыратыны жөнінде Л.Н.Гумилев те сөз арасында сездіреді, бірақ дәлелдей түсіндірмейді.


Тәңірге табыну дінінің қағидасы бойынша қайтыс болған адамның мәйітінің күлі жерге көмілмей, оны желге, суға тапсыратыны жөнінде біз айтқан деректің дүрыстығын Қарастыруның көне түркі тарихы жөнінде зерттеу жасай келіп: “Қырғыздар қаза болғандарын өртеп, күлдерін манхазға шашы жібереді, ал бұл дариядан, тіпті, алыс тұратындар өлтендердің күлдерін толқытып желге ұшырып жібереді”, – деген тұжырымы нақтылай түседі [11, 20]. Ақиқатында, ежелгі түркілер дүниеден өткен адамды көктегі Тәңір жаққа ұшып кеткен күдірет санац, оларды аруақ тұтып, тағым етеді. Сондықтан, көне түркі дәстүрі бойынша қайтыс болған адамның денесін немесе өртөнген күлін жан-жануар жүретін, қалың жүртішлік аяғы тиетін жер қойнына көміп тастамайды. Еуропа зерттеушілерінің біразы Тәңірге табыну дінінің осы қағидасын білмегендіктен көне түркі жазба ескерткіштері тұрған жерлерден және айналасынан қайтыс болған қаған басшыларының және бектердің қабырын іздең, қазба жұмыстарын қайта-қайта жүргізіп,

мәңгілікке жасалған жазба ескерткіштер мен мұсінтастардың бәрін дерлік сындырыш, жабайылық танытты.

Қысқасы, бабаларымыздың ежелгі өситет, өнегесі мен дәстүр-салтын толық игермегендіктен Орхон бойындағы көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеген бірнеше елдің экспедициялары әлгі аталған мәдени ескерткіштерді сындырыш, бұрынғы сәні мен келбетінен айырды. Бұл айтқанымыздың растығын Қ.Сартқожаның: “Орхон ескерткіштерінің ең атақтыларының скульптуралары, ұстындары көп бүлінген. Құлтегін, Білге қаған, Туй-ұқық, Онгин кешендеріндегі мұсінтастардың басын сындырыш, ұлы денесін қиаратып, Онгин, Орда-балық кешеніндегі ұстындарды паршалап тастаған”, – деп жазғаны айғақтай түседі [9, 53-54]. Осы жағымсыз әрекеттер сол балбал тастардың қандай мақсатта жасалыныш, орнатылғанын түркітанушылардың көбісі жете түсінбегенін білдіреді. Мысалға, Л.Н.Гумилев: “Сол ескі молалардан шығыска қарай қалай болса солай қашалыш, түбі жерге көмілген балбалдар тізбегі созылады. Бұл – марқұмының ерлігіне орнатылған ескерткіштер. Әрбір балбал оның өлтірген жауының сұлбесін бейнелейді. Көштеген молаларда мұндан тастанар жоқ. Сірә, ол жерлерге әйелдер мен балалар өлігінің құлдері көмілген болуы керек”, – деп тұжырым жасайды [12, 258].

Л.Н.Гумилевтің “әрбір балбал оның өлтірген жауының сұлбесін бейнелейді”, – деген сөзі ете орынды. Бірақ, оның “ескі молалардан” деген сөзі орынсыз айтылған. Екіншіден, көне түркілер мола басына балбал тастанар қоймаған. Өлік құлін суға шашып, ағызып жіберсе, қайтыс болған адамның жерленген орны бола ма? Ресей ғалымы Л.Р.Кызласев көне түркі жазба ескерткіштері айналасындағы балбал тастарды жерленген батыр, бектердің өлтірген адамдарының бейнесі, саны деген тұжырым жасады [13, 206]. Ол да балбал тастанарды қабыр басына орнатылған белгі есебінде санады.

Орхондағы көне түркі жазба ескерткіштері мен кешендеріндегі балбал тастанар тізбегі – сол жазба ескерткіш арналған қаған билеушісінің немесе қаған әскер қолбасшысының жаумен шайқаста өлтірген дүппанының санын көрсетеді. Балбал тастанар тізбектері сондай мақсатта орнатылған белгілер екенін Орхондағы тасқа түсірілген жазба ескерткіштер мәтінін оқығанда айқын көз жетеді. Мысалға, Құлтегінге арналған жазба ескерткіштің 25-ретпен белгіленген белгілінген белгігіне назар аударайық, сол бөліктің тастағы негізгі мәтіні мынау:



## Еңсегенұлы Т., Тоқболат С. Орхон жазбаларының апымлаған...

Мұны қазақшага аударғанда: Менің ағам – билеуші құрметіне,  
Қыргыз қағаның бас етіш  
балбал тізбесін орнаттым,  
балбалын мен орнаттым,  
Сонда түркі халқының аты  
және даңқы өппесін деп  
Менің әкем қағанды,  
Менің шешпем – катынды,  
Жоғары көтерген Тәңірі,  
Ханға мемлекетті беретін Тәңірі,  
Түркі халқының аты және  
даңқы өппесін деп.  
Менің өзімді ойлау керек,  
Қаған етіш отырғызды,—

деген жазба жолдары шыгады [10, 226]. Осы циклдағы: “Менің ағам – билеуші құрметіне, қыргыз қағаның бас етіш, балбал тізбесін орнаттым”, – деген сөзді айтыш отырған түркі қағандығын орнатуда ерлік көрсеткен, қыргыз қағаның жеңген батырдың бауыры. Мұны тасқа түсірген дарынды тұлға, қаған Иоллығ тегін. Өйткені, Құлтегінге арналған тарихи дастанды туғызған сол. Оған осы жазба ескерткіштің ең сонында: “Тасқа жаздым. Иоллығ Тегін” деген сөз дәлел бола алады [10, 234], әрі бұл шығарманы жасаған ақын қыргыз қағаның бас етіш балбал тізбесін орнатқандарын өзінің туыстары атынан айтыш отыр.

Тағы да ақиқатқа көз жеткізуді қажет ететін нәрсе – Құлтегінге арналған жазба ескерткіштің 25 ретпен орналастырылған бөлшіндегі балбал тізбесіне қатысты сөзді белгілі ғалым Ф.Айдаров өзгепшелеу етіш аударышты. Таңдау көрсетсек, 25-ретпен белгіленген бөліктегі жазудың бірінші жолының оқылуы “Башлауи қыркыз қағанығ” деген сөзден басталып, әрі қарай жалғасады. Мұнда қыргыз қағанының балбалы бас етіш қойылғаны анық мәлімденіш тұр. Ф.Айдаров осы бөліктегі бірінші жолды: “қырық аз қағаннан бастатып балбал қойдым” деп аударыш, әрі қарай жалғастырады [14, 176]. Оқырманды жаңылыстырмас үшін ақиқатын білдіруді қажет десек, мәтіндегі сөз “қыргыз қағаның” деген мағынаны айқын танытады, сол тастағы негізгі мәтіннен “қырық аз қағаннан” деген сөзді шыгару қын, қалай айтса да ондай сөз құралмайды.

Ресей ғалымы С.Е.Малов осы сөзді: “Тізбектің басына қыргыз қағанының балбалы қойылды”, – деп аударышты [15,39]. Бірақ, ол балбал тасты мола басына қойылатын белгі деп үққан. Сонымен дәлелдеу, салыстырудан туған ой-пікірлерді қорытып, Құлтегін жазба ескерткішінің 25-жазба бөлігінің бірінші жолында қыргыз қағанының балбалы тізбектің басына қойылғаны жөнінде жазылған деген тұжырым жасалынды.

Орхон бойындағы түркі қағандары мен әскер басшыларына арналған жазба ескерткіштердің айналасындағы балбал тастар тізбегі сол жазба ескерткіш ариалыш орнатылған көне түркі бектері мен батырларының өлтірген жауының тізбегі екенін Л.Н.Гумилевтің Құлтегін ескерткіші жөнінде деректерді баяндай келіп: ‘Ескерткішке қарай қайдамдық<sup>1</sup> тұзды көлден басташ тұтас З шақырымға балбалдар тізбегі созылады. Біздің кезімізге дейін 169 балбал бүтін қалыпты, бірақ олар бұдан да көп болған сияқты.

Кейбір балбалдар адамның түршайы сұлбесіне ұқсатылып қапалған, қолдары мен белі белгіленген Қазылған ордың бойымен шығысқа қарай балбалдың екінші тізбегі тартылады, бұл Ииелдің<sup>2</sup> олар корған дуалын айнала қоршаған тұрган деген жорамал жасауына дәлел болды. Алайда, бұлар бәрінен де осында бұрын жерленуі мүмкін басқа марқұмға қатысты тізбек болар деген ой келеді”, – деп жазғанындағы ұш шақырымға созылған балбалдар тізбегі айғақтай түседі [12, 329].

Елің, жерін ата жаудан қорғауда дүшшанына деген өжет өшпендейлік көне түркі дәстүрінде бағзы заманнан берік қалыптасқан. Сонымен қоса, олар достық туралы келісімге де өте берік болған. Геродоттың: “Скифтердің достық жайлы анты былай түйінделеді. Балшықтан жасаған кесеге шарап құйылып, екі жақтан қатысушылардың қаны тамызылып, араластырып оның үстіне қылып, садақ оғы, қалқан қойылады да сөз сөйлеip болған соң, екі жақтың мәртебелі адамы қатар тұрыш кеседен ішеді”, – деп жазғаны дәлел [6, 186]. Сондай-ақ, ежелгі мекенің, халқын жаудан қорғауда дүшшаның женуді әрбір түркі перзенті басты мақсат санаған. Бұл айтқанымызды Геродоттың скифтердің жауынгерлігі, дәстүрі жөнінде баяндай келіп: “жауын өлтірмей тұрыш ешқандай қызы тұрмыс құрмайды”, – деп мәлімдегені айғақтай түседі [16, 355]. Бұл ежелгі ата-аналарымыздың түркілік рухқа беріктігін, намысын жогары үстайтының, олар отаны үшін жаумен шайқаста ерлік жасағанды ерекше құрметтейтінін танытады. Бабаларымыз кең байтақ жерді осындағы жан қиярлық істерімен бізге қалдырыған болса керек. Қазақ халқының “жаным – арымның садақасы” деп айтатыны агадан қалған дәстүр жалғастыры екен.

Орхон бойындағы көне түркі руна жазба ескерткіштеріндегі балбал тас тізбегі – батырлар өлтірген жаудың сұлбесі, саны екеніне сол дәу тасқа түсірілген көлемді жазбадан нақты дәлел келтірейік. Мысалға, Монгол жеріндегі Онгин өзені бойындағы көне түркі руна жазба ескерткішіндегі

---

<sup>1</sup> .”Цайдамдық” – Құлтегінге қойылған ескерткіш орналасқан Кошо-Цайдам таулы жотаны мегзейді.

<sup>2</sup> Ииел – Орхон бойын зерттеушілердің бірі.

## Еңсегенұлы Т., Тоқболат С. Орхон жазбаларының апымлаған...

үшінші ретпен орналастырылған беліктегі жазуды қазақшаға аударғанда онда:

[Олардың] алып ерлерін жаулары

Балбал етіш қойышты.

Түркі халқының аты жоғалуға тақалышты,—

«Түркі халқы жетімсіремесін, жоғалмасын,

Құрбаң, жем болмасын» деп

Көктегі Тәңірі жарылқапты,—

деген жыр жолдары тасқа түсірілген [10, 386]. Қысқасы, бұл шумакта табғаштардың (қытай) түркі батырларын өлтіріп, қорлаш балбал етіп қойғаны айтылып, түркі жұрттының нағызыны ояту көзделген. Орхон бойындағы әйгілі жазба ескерткіштер мен қатар табылған бақатас мұсіндерінің қандай мақсатта жасалғаны жайлы да ақиқатты айтудың қажеттігі туып отыр. Бұл бақатас мұсіндерді дәу жаңақ әрі өте қалып, мықты тастардан қашап жасаған.

Сол бақатастың оргасында, яғни арқасында төрт бұрышты етіп ойған терек ұғғы бар. Осы көне заманнан жеткен мәдени ескерткіштерді жасаған мұсіншінің шеберлігі сонша, алып бақатас — аса ғажап ұлken тірі тасбақа сияқты танылады. Бақатастың арқасындағы ойық ұғғыны көргеннен кейін еріксіз, бұл мәдени ескерткіштерді алтыннан жасалған асыл бүйімдар мен қымбат қазыналар және тенгелер салатын дәу мұсіншас деп жорамалдауға болады. Орхондағы көне түркі руна жазба ескерткіштері орналасқан жерден табылған әлтіндей алып бақатастар зор құпшен сыңдырылып, бөлшектелінген. Неге? Шынында да, Орхондағы көне түркі мұраларын көріп қызықтаған саяхатшылар және зерттеушілер бұл бақатастарды түркі қағандары мен билеушілерінің мол қазыналары салынған қойматас деп ойлаған болуы керек. Соңдай дүниекорлық шиетпен алып бақатастарды құпшен қыратқаны білініп тұр. Ақиқатында, бұл дәу бақатастар қандай мақсатта жасалынған? Қытай халқында және көне түркі тайпаларында тасбақаны бағзы заманнан аса қасиетті жанды жаратылыстың бірі санайды. Соған сәйкес, ертеде бұл аталған елдерде тасбақаны киелі санаң, еркін өмір сүруіне мүмкіндік жасайды. Қытай халқы атам заманнан өздері табынған нағым, сенімінің, жаратушыға жалбарынудан, табиғат құбылыстарын бақылаудан тұған болжак, өмір сүру қагидаларын тасбақаның қалқан сүйегіне тағым етіп, соған қарал отырып туыннатқан. Себебі, тасбақаның қалқан сүйегін көктегі тағым етер құдіреттермен байланыстыратын сиқырлы күш иессі санаған.

Қазақ халқының ежелгі дәстүрінде тасбақаны соңдай ұғыммен қасиет тұтады. Мысалға, тасбақаның аузында тістер түрған шөпті алған немесе көрген адамның барлық арманының орындалуына кең жол ашылады екен. Соған сәйкес, тасбақаның желең-жебеуімен мақсат, арманына жеткен адам — көктегі жарылқаушы құштің қамқорлығындағы құдірет дарыған жан болыш есептелінеді. Ондай “жарты құдай” атанған адамдар өмірде сирек

ұшырасатын болған. М.Мағаун қазакшага аударған Конфуцзы даңалығы жазылған кітапта: “Тасбақа ежелгі қытайда қасиетті саналатын, ал үлкен тасбақа ұстаяға қатардағы ұлықтың дәрежесі сәйкеспейді”, – деп айтылған сөзде елеулі сыр жасырылған [17, 57]. Шығыс халықтарының ішіндегі ежелден көрші, өзара байланыста болған елдердің бірнешеуі және көк түріктер тасбақаны киелі жаратылыстың бірі деп ұғыш, абыройы мен даңқы аспандаған хан мен өте атақты батырларға тасбақа үстіне қондырған мәнгілік ескерткіш орнатқан.

Бұл ұзақ зерттеп, саралаудан қорытылған тұжырымымызды түркітанушы Қ.Сартқожаның: “I. Тәңір текті байырғы түріктердің хан өuletіне (Ашина) арналған киелі орын кешендер. Олардың басқа киелі кешендерден бірнеше айырмашылығы бар. а). Мәтін жазылған ұстын тасбақанын үстіне орнатылады. г). Бұндай кешендердің құрылышы, бітімі басқаларға қарағанда салтанатты, сөүлетті. Бұған Құл-тегін, Білге-қаған, Тастан-қаған, Ел-етміш қаған, Қапаған қаған кешендері жатады. II. Ұмай текті Ашиде өuletіне арналған кешендер. Оларға Туй-ұқық, Құлі-чор, Онгин т.т.с. кешендер жатады. Ерекшеліктері төмендегідей. а). Мәтін жазылған тас ұстынды тасбақа емес, жалшаш тасқа қашаш ұнғы шыгарып орнатқан. Ашина өuletіне қойылған кешендерден жұпнылау, салтанат сөүлеті пәс келеді”, – деп жазған сөзі бекемдей түседі [9, 295-296].

Жоғарыда келтірген үзікте көрсетілгендей, түркі мемлекетін орнатушылар, Ашина өuletінен шыққан, атақты қолбасшы, қағандар Құлтегін, Білге қағанға арналған жазба ескерткіштер арнайы жасалған (оргасы төрт бұрышты етіп ойылған) бақатас мұсіні үстіне орнатылды. Демек, жазба ескерткіш қондырылған бақатас мұсіні бек, хандардың асыл қазынасын салатын бұйым тас емес. Түркі дәстүрі бойынша жазба ескерткіш арналған тұлға табиғаттың киелі жаратылысы тасбақаның жебеуімен көктегі жалғыз жаратушы Тәңірге қарай жақындац, соның қамқорлығына бөленеді, ақыры ол дүниеден өткенде Тәңір қасына қарай ұшып кетіп, мәнгі жасайтын құдіретке айналады. Көне түркілерден қалған кез-келген жәдігерлер Тәңірлік дін қагидасы негізінде философиялық терең ойылықта жасалынған. Көне түркілердің табынған дінін және олардың бекем қалыштасқан дәстүрін жете білмегендіктен Орхон бойындағы баба мұраларын зерттеген саяхатшы, ғалымдар мәнгілікке орнатылған жазба ескерткіштерді өзге де жәдігерлерді қиаратып, қасиетті көріністерді алға тартты.

Қазақ ғалымдары Орхон бойындағы көне түркі руна жазба ескерткіштерінің ішінен Құлтегін, Тонықекке арналған мәдени мұраларды таныш білуге, зерттеуге көніл бөлді. Мысалға, Ф.Айдаров Құлтегінге арналған жазба ескерткіштің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне талдау жасады. Профессорлар Х.Сүйіншәлиев, А.Аманжолов, Қ.Сартқожалар Орхон жазба ескерткіштері туралы өз еңбектерін жазып, оқырмандарына ұсынды. Көне түркі руна жазба

ескерткіштерін зерттеуге бет бүрган қазақ ғалымдары көбіне тастағы жазуғағана назар аударып, көне түркі руна жазуы қазақ халқына да ортақ мұра екенін дәлелдеуді ниет етіп, қағандық кезіндегі атақты тұлғалардың атынан арнайы дайындалған немесе өздері жазған биік тастарға түсірілген көлемді жазбалардың концепциясына онша назар аудара бермеді. Сөйтіп, тастағы руна жазбалары жөнінде шетел зерттеушілері үйғарған тұжырымындағы қайталауға барды.

Қысқасы, бұл бағытта жұмыс жасаған қазақ ғалымдарының бәрі дерлік Орхон бойындағы көне түркі руна жазба ескерткіштерін : “қабыр басына қойылған құлшытас” деп атады. Мысалға, “Түркістан халықаралық энциклопедия” атты еңбекте: “Құлтегін (684-731) батырдың ерліктері туралы құлшытастарға қашап жазылған қаһармандық дастан. Құлтегін батырдың қабіріне қойылған ұлken-ұлken екі құлшытастағы құпия жазуларды көшке дейін түрколог ғалымдар да оқи алмай келді”, – деп жазылған [18,374]. Тағы да осы еңбекте: “Тонықек жазуы. Бұл жырдың мәтіні бедерлеп жазылған құлшытасты XIX ғ-да Солтүстік Монголиядағы Селенга өзені бойынан ташқан ағайынды Клеменцтер еді”, –деген тұжырым жасалынады [18, 580]. Профессор М.Жолдасбеков: “731 жылы Құлтегін қайтыс болды. Батырдың азасына ат қойыш ел-елден келген көңіл айтушыларда есеп болмаған. Батырлығының күәсі ретінде оның басына мәнгілік ғажап ескерткіш орнатылды. Көп кешікпей, 734 жылы дүниеден Білге қаган да өтеді. Такқа отырған Иоллығ-тегін әкесі Білге ханың басына зәулім ескерткіш орнатады”, – деп мәлімдеді [19,22]. Ал профессор Н.Келімбетов: “Бұл дастан жазылған ұлken құлшытас Құлтегін батыр зиратының басына қойылған”, – деп айтпақ ойын айғақташ білдіреді [19, 65]. Бұл орайда біздікі біреуді мұқату немесе білгірсіну емес, қазіргі көшіріп алуға икемді кейбір ізденушілер жазылған еңбектің әр жолына ойлылықпен қараң, соны әрі қарай жалғастыра зерттең, ғылымға өз үлесін қосуға талшынса деген ниет. Эрі қабырға тастарға түсірілген көне түркілердің Орхон бойындағы мұралары қандай мақсатта жазылғанын білдіру.

Көне түркі руна жазба ескерткіштерін тауыш, оқыш жария етуде, әрі қарай зерттеуде тарихи оқиғаға айналған бірнеше жетістіктер бар. Біріншісі, фин ғалымдары Енисей бойындағы және Алтай өнірінен кездескен тасқа жазылған мәдени ескерткіштерді зерттеуге өзгелермен салыстырғанда ұлken ынгамен кірісті. Себебі, биік тастарға жазылыш, көрнекі жерге рәсімдеп олар еретедегі фин-угорлардан қалған рухани мұра болар деп ойлады. Осындаид зор үміт құпиясы апсылмаған жазба тастарды шашпаң әрі сапалы зерттеуге тікелей негіз болды. Соңдай мақсатпен Хельсинкиде арнайы фин-угор қогамы құрылды. Оған білікті мамандар, ірі ғалымдар тартылыш, көне мұраларды жан-жақты қамтыш, толымды жұмыс жүргізетін экспедиция құрамы жасақталды.

Олар Енисей, Алтай бойын аралап жазба ескерткіштерді тауып жария ете бастиады. Хельсинкидің шығыстанушы мамандарының ғылыми зертеу жұмысы өз жемісін көрсетті. 1889 жылы фин ғалымы Отто Доннер (1835-1909) басқарған арнайы жасақталған экспедиция Енисей жазба ескерткіштерінің тұнғыш атласын жасап, әлем ғалымдарының назарына ұсынды. Одан кейін финляндиялық көрнекті ғалым Аксель Олай Гейкель (1851-1924) жетекшілік еткен экспедиция Моңгол жеріне 1890 жылдың май айында барып, сол елдегі бірнеше аймақтағы мәдени ескерткіштерге кепшенді зертеу жұмысын жүргізіп, мол материал жинап, тиянақты, іскерлікпен атқарылған істің қорытындысы бойынша А.О.Гейкель басқарған экспедиция 1892 жылы әлемде бірінші болып Орхон атласын жария етті.

Көне түркі руна жазба ескерткіштерін тауып, оқып, жария етуде Ресей ғалымдарының да қосқан улесі зор. Атап айтқанда, фин зертеушілерімен бәсекелесе жұмыс жүргізген, В.В.Радлов басқарған экспедиция фин ғалымдарының ізін баса, 1892 жылдың аяғында “Көне замандағы Моңгол атласы” деген атпен Орхон жазбаларының атласын жасады. Әрине, бұл жұмыс бұдан кейін де әрі қарай жалғастырыла жүргізілді. Шын мәнінде, В.В.Радлов басқарған экспедиция “Көне замандағы Моңгол атласы” атты көлемді жұмысты 1892-1899 жылдары толық аяқтаپ, жария етті. Бұл атқарылған сан-салалы жұмыстар Орхон өзені бойындағы тасқа түсірілген көлтеген жазба ескерткіштердің құпиясын ашуға септігін тигізді. Дания ғалымы, Конентаген университетінің салыстырмалы тіл білімі кафедрасының профессоры Вильгельм Томсен (1842-1927) Орхон бойындағы тасқа түсірілген жазуды ұзақ уақыт сарқыла зертеpe, жазу сырын тауып, құпия алфавиттің қисының келтіріп оқып шықты. Ол осы апқан ғылыми жаңағын 1893 жылы 25 қарашада Данияның Корольдық Фылым академиясы президиумының алдында баяндап, Орхон бойындағы мәдени ескерткіштер – көне түркі алфавитімен жазылған түркі мәдени мұралары екенін жария етті. Осылай, көне түркі жазуы ежелгі дәуірде туып, дамығандығы әлемге мәлім болды.

Осы орайда, көне түркі қағандығы тұсындағы дәү қабырға тастарға түсірілген көлемді жазбалар неге Орхон аймағына шоғырланған, сол жазба ескерткіштерде “Өтүкен” жері үшін болған соғысқа неге ерекше мән берілген деген сұрақтар ойға келуі мүмкін. Ерте заманнан халықтар көбіне өзен бойларын, тұрмысқа ыңғайлы жерлерді мекендеді. Мәдениет адамдар шоғырланған жерде туып, өркендейді. Орхон өзені бойында “Өтүкен жері” сондай өмір сүруге ыңғайлы аймақ болған. Біздің ежелгі бабаларымыз Ғұн мемлекеті (б.з.б. I-ғасырда) сол Орхон, “Өтүкен” өңірін мекендеп, мемлекет ордасы етті. Одан кейін Сянби, Тоба, Жұжан патшалығы қоныстанды. Тарихтағы ұлken оқиға – б.з.VI-IX ғасырларда осы өңірде Түркі империясы құрылыш, орнады, мемлекет ордасы “Өтүкен” жері болды. Түркі мәдениетінің алтын ғасыры сол өңірден бастау алды.

## **Еңсегенұлы Т., Тоқболат С. Орхон жазбаларының аптылмаган...**

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Авдиев В.И. История древнего востока. М: Огиз, 1948.–583 с.
2. Бахти А. Шумеры, скифы, казахи. Алматы: «Кочевники», 2002.–215 с.
3. Авеста. Иранның ежелгі гимндері мен мәтіндері. 1-2 томдар. Тегеран: «Морварид» баспасы, 1375 (ниджра бойынша), 1997 ж.
4. Быков Ф.С. «Зорождение общественно-политической и философской мысли в китае». М: Наука, 1960.–240 с.
5. Переломов Л.С. «Конфуций «Лунь юй». М: вост.лит-ра, 1998.–588 с.
6. Геродот. История. Избранные страницы. С Петербург «Амфора». 1999.
7. Ядринцев Н.М. Предварительный отчет о поездке с археологической и этнографической целью–Известия ВСОРГО, Иркутск, 1889 г. Т.ХХ № 4.
8. Клеменц Д.А. Письма на имя академика Радлова,—СТОЭ. Вып.1, СПБ, 1892. с.13-23. Прил.1.
9. Сартқожа Қ. Орхон муралары. Бірінші кітап. Астана: «Күлтегін» баспасы, 2003, –392 б.
10. Еңсегенұлы Т. Қоңе түркі руна жазба поэзиясы. Екінші кітап. Алматы: Білім, 2008.–409 б.
11. Карапулұ Ә. Қоңе түріктер тарихы. Бишкек: 1994.–190 б.
12. Гумилев Л.Н. Қоңе түріктер. Алматы: Білім, 1994.–502 б.
13. Кызласев Л.Р. Означение термина балбал древнетюркской надписей,—ТС, М –Л: 1966, 206 с.
14. Айдаров F. Құлтегін ескерткіші. Алматы: Ана тілі, 1995.
15. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М–Л: АНСССР, 1951.
16. Геродотъ. Исторія въ девяти книгахъ. Том 1. М: 1888.
17. Конфудзы. Кеңес пен талғам. Алматы: Қайнар, 2001.–220 б.
18. Түркістан халықаралық энциклопедиясы. Алматы: 2000.–286 б.
19. Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы: Жазушы, 1986.–326 б.
20. Келімбетов Н. Қөркемдік дәстүр жалғастыры. Астана: Елорда, 2000.–286 б.

### **РЕЗЮМЕ**

Некоторые европейские ученые в силу того что недостаточно были знакомы с древнетюркскими традициями, сделали невероятные выводы. В результате места, где расположены Орхонские письменные памятники были раскопаны, что привело к порче культурного наследия. Основная причина разрушения Орхонских письменных памятников—мнения иностранных путешественников и востоковедов о захоронении могильных памятников и записей руно на камнях. В связи с этим были произведены археологические раскопки.

В этой статье показаны своеобразные особенности Орхонских письменных памятников, а также рассмотрены древние тюркские записи руно Шумера, Китая, Древнего Египта и сделаны научные выводы.

(Еңсегенұлы Т., Тоқболат С. Нераскрытая истинна Орхонских надписей)

### **SUMMARY**

Some European scholars in view of the fact that not enough was known from the ancient traditions, have made incredible conclusions. As a result, the place where the Orkhon inscriptions have been unearthed, which resulted in damage to the cultural heritage. The main cause of the destruction of Orkhon-written records to foreign travelers and orientalists of tombstones and burial records fleece on the rocks. In connection with these excavations were made.

This article shows the distinctive features of Orkhon written records and discusses the ancient Turkic writing Fleece Schumer, China, Ancient Egypt and made scientific conclusions.

(Ensegenuly T., Tokbolat S. Undisclosed Truth Orkhon inscriptions)

**ÖZET**

Bazı Avrupa ilim adamları eski Türk gelenekleri hakkında yeterli bilgi sahibi olmamasına rağmen, bu konuda çeşitli fikirler üretmektedir. Neticesinde Orhon abidelerinin olduğu yer kazıldı ve kültürel miras bozguna uğradı. Çünkü Avrupa ilim adamlarının fikirlerine dayanılarak arkeolojik kazma işleri başlatılmıştır.

Makalede Orhon yazı abidelerinin özellikleri ve Eski Şumer, Çin, Eski Mısır yazıları hakkında ilmi görüş bildirilir.

(T. Ensegenulu, S. Tokbolat. *Orhon Yazlarının Bilinmeyen Gerçeği*)

## Әбжет Б. Хан рухын алаштан асқақтатқан.

ӘОЖ 398.5

### **Бақыт ӘБЖЕТ**

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

*Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ*

*Түркология ғылыми-зерттеу институтының ғалым хатшысы*

### **ХАН РУХЫН АЛАШТАН АСҚАҚТАТҚАН**

*Мақалада XVIII ғасырдан қазақ ауыз әдебиетіндегі кеңінен орын алған қазақ ханы Абылайдың ақын-жыраулар шығармашылығындағы бейнесі және сол кездегі тарихи оқиғаларды баяндаудағы ауыз әдебиетіндегі атқарған рөлі жан-жақты сөз болады. Халық ақындары әдеби тұлғага айналған кейішкерді бейнелеу барысында оның тылсым дүниесін қатысты екендігін арқау ету арқылы фольклорлық жанр мен ауыз әдебиетіндегі өзара байланыстар жайы сөз болады.*

*Кілт сөздер:* тәуелсіздік, елдік, Абылай, хан, рух, Бұхар жырау, Жоңгар хандығы.

Қазаққа хан болған, жұрт билеген хандардың ішінде елін жаудан қорғаған даңқты батыры, елді ортақ іске жұмылдыра білетін орақ тілді шешені, елін қын-қыстауда тарықтырмagan көсемі, атағы ел аузына аңыз бос тараған, ісімен елге жаққан көреген билеушілер аз болмаған. Елін сыртқы жауға алдырмай, іштей қырқысқа шалдырмай, елдің берекесін келтірген, алты Алашты менгерген өз-Тәуекел, Есім секілді қаһарлы хандарымыз да болды. Қазақ жерін кеңейту жолында күні-туні жорықта жүрген, көршілес хандардың үрейін алған Тәуекел, Есім секілді қаһарлы хандарымыз жайлы да дастандар жазылды. Дегенмен, сол хандар ішінде ерекше киелілігімен, тар жерден жол таба білетін көрегендігімен, қысылған кезде бабалар рухы дем беретін қасиетімен көзі тірісінде-ақ аңызға айналған Абылайдай ханға тең келетін хан қазақта болмаған. Абылайға қатысты аңыздар мен жырлардың ел ішіне көп тарағаны белгілі. Оның киелі адам екендігін сол кездегі қасына ерген достарды да, тұтқынға алған дүшшандары да мойындаған. Соның бірі Абылайдың жанында жүрген атақты жырау Үмбетей Бөгенбай батырдың қайтқанын Абылайға естірту кезінде былай деп толғайды:

Анау бір жылы аттанған  
Әскерді қырғыз қырганда,  
Басынан оба қылғанда,  
Ол хабарды ел біліп  
Көп батырмен сен жүріп  
Көзіңің жасын көл қылып,  
Қысылған әскер басының  
Қасына барыш тұрганда,  
Ақ боз атты шалғанда,

Мойныңа кісе салғанда,  
Бабай тұкті Шашты Әзиз,  
Содан бата алғанда,  
Тілеуің қабыл болғанын,  
Басыңа қыдыр қонғанын,  
Ұмыттың ба соны, Абылай! [1,88]

Осылайша аруақтарына сыйынған Абылай қыргызға жорыққа шыққанда, қазаққа тұтқылдан шабуыл жасап, қазақ жасағына орасан зор шығын әкелген қыргыздың тұтасқан қалың қолы, Абылай келіп шабар кезде екіге бөлініп берекесі кетеді. Атеке жырық пен Садыр бір-бірімен келісеп алмай екіге жарылған тұста Абылай кеп Атеке елін шауш алады.

Көзі тірісінде «көмекей әулие» атанған Бұхар жыраудың өзі хан Абылайды ерекше қастерлеген. Абылайдың ел үшін істеген итілікті істерін дәрілтеп, құпташ отырған. Сонымен қатар кейде орын алған кемшіліктерін де жасырмай бетіне басып отыратын болған. Абылайдың істеріне көңілі толған Бұхар былайша толғанады:

Хан Абылай бүйірдышы...  
Басыңа біткен күніңіз,  
Құтты болсың ұлыңыз,  
Хан Абылай атандың  
Дүниеден шықтай мініңіз.  
Алтың тақтың үстінде  
Үш жүздің басың құрадың,  
Жетім менен жесірге  
Ешбір жаман қылмадың.  
Әділдікпен жүрдіңіз,  
Әдепті іске кірдіңіз,  
Арманың бар ма хан ием,  
Мәргебелі тәбеле,  
Жауыңды алып, жайладың,  
Жеті күн кіріп үрысқа,  
Өлімге басың байладың.  
Айтар сөзім осы дүр,  
Ақылың бар хан едің,  
Мұның тубін ойлағын [1, 111].

Абылай хан көзі тірісінде үш жүздің басын қосып, елін сыртқы жауға алдырмаған. Абылай дүниеден өткен соң енді мұндаиды хан елдің бағына туа ма тумай ма деп қайғырғандардың бірі Бұхар жырау болған. Ол өзінің Абылай хан өлгендеге шығарған жоқтауында ханның қасиетті адам

## Әбжет Б. Хан рухын алаштан асқақтатқан.

болғандығын, ондай адамның мың жылда бір туатын көсем екендігін айтып өтеді. Белгілі әдебиет зерттеушісі, жазушы М.Магауин Бұхардың Абылайға арнаған жоқтауын ерекше бағалаш былай дейді: «Жырау осы ретпен Абылайдың тіршілігінде істеген даңқты істерін мадактай еске алады. Марқұмның ерлігін, салтанатын, байлығын сөз өтеді. Бұқардан қалған мұраның ішіндегі ең көркем туындылардың бірі болыш есептелуге тиіс осы жоқтау жыр:

Раділдігін Наушаруан Раділге жеткерген,  
Жомарттығын Хатымтай Жомарттан өткерген,  
Күнде меһман күзетіш,  
Кесекілең ет берген,  
Имандық ісіне қарап бет берген,  
Бір құдайдың дидарын  
Сен көрмесең кім көрер:  
Табандасқан дүшшанға  
Күшінде қылыш шауыш өткерген, -

деген сөздермен аяқталады» [2, 113].

Абылай өлгенимен оның даңқы ел ішіне азыз бол тарады. Қазақ халқы Абылай хан дәүірін ерекше ілтишатпен еске алып, елдіктің, ерліктиң, бірліктің заманы ретінде қастерлеғен. Абылайдың елдің бірлігі жолында істеген иігі істерін сағынышпен еске алып, оның атын ұршақтан-ұршаққа жеткізу үшін өлең, жырлар шығарыш отырган. Ол турасында ханның шөбересі, қазақтың атақты ғалымы Ш.Уәлиханов былай деп жазады: «Қазақтың азыз-әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет құдірет иесі болыш саналады. Абылай дәүірі – қазақтардың ерлігі мен серлігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көзсіз ерлігі мен қаһармандығы жырдастандардың арқауына айналған. Домбыра мен қобызда орындалатын небір қүйлер соның дәүірінде дүниеге келген және көбі сол кезеңді сипаттайды. «Шаңды жорық» күйі жаудан беті қайтып көрмеген жүрек жұтқан Баян батыр опат болған шабуыл кезінде шығарылған. Ал «Қоржын қақпай» Еділ қалмақтарына қарсы қысқы жорықтан туады. Сол жолы қазақтар жеті күн бойы ашығып, олжага қолы әрең жетеді. Бұл қүйлердің бәрі күні осы уақытқа дейін Абылай ұршақтарына сонау бір даңқты кезеңдерді елестетеді» [3, 9].

Қазақтың тәуелсіздігі жолында курес жүргізген Абылай бейнесі қазақ ауыз әдебиетінде мадактала жырланды, оның бейнесі тәуелсіздікті ту ретінде көтеруші тұлғаға айналды және кейбір пәндеңшілік, кемпілік тұстары айтылмайтын болды. Оған себеп ауыз әдебиеті ерекше дамыған қазақ халқының хандық дәүірі кезеңінде дүниеге келген шығармаларда фольклордың үстемдігі ерекше болатын. Эпикалық жанрда дүниеге келген поэтикалық шығармаларда, жалпы фольклорлық шығармалардың барлығында басты кейішкердің, яғни ұнамды кейішкердің, қаһарманның

кемпілігі айтылмайды. Абылайдың пәндепілігін, адам баласына тән кемпілктерін Бұхар секілді атақты жыраулар бетіне айтқанымен, ол туралы дүниеге келген жыр-дастандарда кемпілік айтылмайды, тек жақсы жағы айтылады. Жырдың атқаратын функциясы елді-жерді сыртқы жаудан қорғау, елді аман алыш қалу болғандықтан, жаудан елін қорғайтын батырда кемпілік болмайды, сондыктан кейішкөрдің кемпілігін тізбектен отыру жырдың функциясына да кірмейді. Ел арасына тараған эпостар мен батырлық жырлардың болашақ үрпақты патриоттық сезімде тәрбиелеуде алатын орны айрықша болады. Сонымен қатар елін-жерін қорғаган батыр бабаларын келешек үрпаққа өнеге ету, оның жасаған иғі істерін халық оргасында жиындарда жырлау арқылы халыққа эстетикалық тәрбие де жүргізіп отырған. Бодандықтың қамытына шырмалған елдің мүшкіл хәлін көрген ақын-жыршылардың өткенде сағыну, тәуелсіздікті аңсауга құрылған жырларының басында елінің тәуелсіздігі жолында құрлескен Абылай секілді ханың бейнесі тұрды.

Абылайдың кейінгі ақындар арасында қайта жырлануына бір жағы оның немересі Кенесары ханың қазақ халқының тәуелсіздігі үшін орысқа қарсы жүргізген соғысы да өз әсерін тигізді. Осылайша өткенде аңсау, оның Абылайдай тәуелсіз ханының болуын көксеу, кейін Абылай бейнесін көркемдік жағынан типтендіріш, тәуелсіздіктің символын көрсететін көркем образға айналдырыш әкетті. Қазақтың жонғармен соғысынан кейін Қытай мен Ресей қыспағында жұтылып кетудің аз-ақ алдында түрған қазақ үшін соңғы үміті ретінде тарих сахнасына Абылайдың көтерілгендері турасында М.Әуезов мынадай кесімді ойын айтады: «Әдебиетте қалың елдің бұл қайғысы Абылай айналасынан шығады. Абылай маңына жиналады. Себебі сол ала-саныран дәүірде қалың елдің «қайраңдаш жан қалама» деген «Қазы құрттай» үміті, жалғыз ғана Абылай басында болатын. Ескі қазақ елдігін, ескі жұрттың тілегін, ту көтеріш бір араға жиған Абылай болатын» [4, 143].

Қазақтар арасына тараған ақыз бойынша Шарың батырды жекпе-жекте өлтірген Абылай қапияда қалмақтың қолына түсіп қалғанда Қалдан Сереммен сөз таластырыш, ақырында үш ауыз сөзбен қалмақтың ханын жеңгендігі, сейтіп бостандыққа шыққандығы, ханға риза болған қалмақ ханы кейін қызын бергендері айтылады. Бұл ақызда біршама тарихи оқиғалардың шыңдығы көрініс тапқанмен, ақыз тарихи шыңдықты нақты датасымен айтуды мойнына алмайды. Ауызша тараған ақыз болғандықтан фольклорға тән қасиеттер ақызда да табылады. Тарихи деректерде Абылайды қалмақ тұтқынынан босатыш алу үшін көнтеген келіссөздер жүргізілгендері тарихи құжаттарда айтылған. Енді сол тарихи оқиғаларға ойысыш көрелік.

1723 жылы Жонғарлар тұтқыылдан шабуыл жасағанда қазақтың хандары елін қорғау үшін, халқының тағдыры жолында жанын аяныш қалған жоқ. Барлығы да қолдарына қару альш, атқа қонды. Алғашқы Жонғар шабуылына сәтті тойтарыс та жасай білді. Қазақ жасағына басшылық

## Әбжет Б. Хан рухын алаштан асқақтатқан.

жасаған Әбілқайыр хан 1726 жылы Бұлантты өзенінің бойында қалмақтарға ойсырата соққы беріп қалмақтан қазақтың есесін алса, кейін Аңырақай шайқасында да тегеуінді дүшшаннан қазақ қолы үстем түседі. Қалмақтар да өз кезегінде есесін қайтару үшін тиімді шабуылдармен қазақты тықсырыш отырған. Екінші қайтара шабуылдағанда Тапкентке дейінгі аралықты өзіне бағындырыш үлгереді. Қазақтың сол кездегі беделді батыры әрі орта жүздің сұлтанды Абылайды қолға түсіреді. Абылайдың қалмақта тұтқында болғандығы туралы аңыздар ел ішінде сақталған, оның үстіне заманында қасына ерген ақыны әрі серігі болған Үмбетей жыраудың Бөгөнбайдың өлгенін естірту өлеңінде де ханның қалмақта тұтқында отыргандығы былайша баяндалады:

Қалдан ханның әскері  
Іздеп сені әрі-бері  
Қапыда үстап алғанда,  
Алып барыш Тәшкенде  
Көр зынданға салғанда,  
Елің қараң қалғанда,  
Тоқсан жақсы үш жүзден  
Сені сүрай барғанда,  
Өлтірем деп Қалдан хан  
Орайына Шарыгтың,  
Сөзіне қарсы сөз айтыш  
Жауаптастың қарыстың.  
Қапияда тұтылдың,  
Қалмаққа бітеу жұтылдың,  
Шешендік жолын тұтындың,  
Үш ауыз сөзбен құтылдың,  
Үмыттың ба соны, Абылай! [1,87]

Үмбетейдің Абылай ханға айтқан жоғарыдағы жырында ханның қалмақ қолында тұтқын болғандығы жайында айта келе профессор Ж.Тіленов өз ойын былайша өрбітеді: «Бірак, Үмбетей туындысында осы эпизодқа қатысты екі үлкен шындық бүрмаланбаған. Оның біріншісі – Абылайды жонғарлардың тұтқындағаны болса, екіншісі оны Тапкент түрмесіне апарып жатқызатындығы, яғни қалмақтардың сол кездегі Ұлы жүз қазақтары мекендереген қонысқа әлде де болса билік жүргізіш, Тапкентті қолына үстап отырғандығын аңғартады. Шындығында 1726 жылы, 1730 жылы екі дүркін Ресей бодандығын сұраған Әбілқайыр өтінішінің соңғысы 1731 жылғы 19 ақпанда Петербургте қабыл алынған, 1740 жылдың күзіне дейін Жонғария қарамағындағы Ұлы жүз бен Орта жүздің онтүстік-шығыс ауданынан басқа қазақ ұлысы толықтай Ресей бодандығына өткен болатын. Ал Жонғар

хандығы іргесіндегі қазақ елінің бұл әрекетіне бейтарап отыра алмады. 1741 жылы олар ұлы жүз бен кіші жүздің жеріне басып кіріш, жайлауларын қиаратып, өздерін Орск қамалына дейін қуады» [5, 127].

Тарихи деректерде 1741 жылы қалмақтар қазақтарға отыз мың қолмен төрг рет тынымсыз шабуылдағаны айтылады. Сол шабуылдың кезінде қазақ сұлтаны Абылай екі жүз кісімен қолға түседі. Профессор Қ.Жұмалиев сол кездегі оқиғалар турасында айта келе Абылайдың қолға түскендігі туралы айтады: «1729-1731 жылдары жеңіліс ташқан Жонғарлар 1741 жылы қазақ еліне шабуылын қайта бастаған, тағы соғыс апады. Бұл соғыста қалмақтар қазақты ығыстырып, тағы да көп жерлерін жаулаш алады. Абылай екі жүз кісімен қалмақтарға қолға түседі. Әбілмәмбет әскерімен Орскіге шегініп, Орскінің губернаторы Урусовқа панарайды» [6, 264].

Тарихи дерек бойынша Абылайды қолға түсірген жонғар ханы оның бас бостандығы үшін Әбілқайыр хан, Барак сұлтан, Жәнібек секілді қазақтың ең бір беделді де ықпалды он адамынан әр қайсысынан бір баладан аманат сұратады және өзі ұлықсат еткен жерлерде ғана көшіш-қоныш жүруін талаш еткен. Бұл жәйттар турасында Ж.Тілешов мынадай тарихи деректер келтіреді: «1742 жылы В.А.Урусовты алмастырған Орынбор экспедициясының жаңа бастығы Н.И.Неплюев қазақ шоңжарлары мұнан кейін Жонғарияның кол астына өтіп кете ме деп қауіштеніп, Петербургпен хабарласады. Оған 1742 жылғы мамырдың 20-да Сенат қазақтарды қорғау жөнінде нұсқау береді. Мұнан кейін Н.И.Неплюев Әбілқайырдан аманат сұрай келген Галдан Церен елшілеріне Әбілқайырдың Ресей боданы екенін, сондықтан оның елін патша үкіметінің әскер шығарып қорғауға дейін баратаңдығын қatal ескертеді. Сондай-ақ, ол 1742 жылдың қыркүйегінде Пенза жаяу әскер полкінің майоры Карл Миллерді Жонғар билеушісіне елшілікке жіберіш, оған хонтайшының қазақтарға қарсы шабуылын тоқтатуы хақында, Абылайды жолдастарымен тұтқыннан босату жайында келісімге келуді тапсырады. Ақырында 1743 жылдың көктемінде Абылай жонғар тұтқыннан болатылады. Ал, Абылайды тұтқыннан құтқаруға себепкер болу – Ресейдің қазақ жеріндегі позициясын нығайту үшін керек еді» [5, 128].

Шындығына келгенде қазақтың беделді сұлтанын тұтқынға алу арқылы Жонғар ханы өз позициясын күштейту үшін тиімді іс-әрекеттер жасағандығын, соның салдарынан қазақты шығынсыз-ақ түгелдей жаулаш алуды мақсат еткендігі байқалады. Ал, қазақ жерін өзіне бағындыруды мақсат еткен Ресей патшалығы да бұл сөтті өз мұддесіне тиімді пайдалана білген. Сол кезде екі жақты қысымға түскен қазақ халқына жер бетінен жойылып кету қауіп төніп тұрған еді. Бір жағы Жонғардың тегеурінді шабуылы, екінші жағынан орыстың бүйірден қысуы кезінде Орга Азия хандықтары қазақ хандығын сыртқы күштерден қорғау үшін бірігіп күш шығармағандығы, керісінше қазаққа қарсы өз әрекеттерін жасап жатқандығы байқалады. Мұндай толқудың үстінде қазақты аман алып қалу үшін қазақ

## Әбжет Б. Хан рухын алаштан асқақтатқан.

хандарының тиімді әрекет жасай білгендігі байқалады. Сол саясаттың арқасында өмір бойы ата жауы болған Жоңғар хандығы біржола күйреп тыңды. Абылай хандық билікті қолға алған тұста Ресеймен де, Қытаймен де тынымсыз елшілктер алмасу арқылы сыртқы құштерді тыныштандыруға қол жеткізе алды. Ендігі қалғаны қазаққа әлсін-әлсін шабуыл жасап, тынышын кетіріп отырған қыргыз бен Қоқан хандығын талқандау болатын. Абылай өз дәүірінде бұл мақсатына да қол жеткізе білді. Қыргызды тыныштандырған соң Ташкентті бағындырады. Оған алым-салық төлең түруга қол жеткізеді. Өзбек хандарымен бейбіт келісімге келеді. Осылайша соғыстан титықтаған қазақтар Абылай дәүірінде тыныштыққа қол жеткізеді. Ханның халық алдындағы беделі артады. Үш жүзді бір орталыққа бағындырып, Қазак хандығын нығайту саясатын жүргізеді. Үш жүздің халқы бір тудың астына біріксе ешкімге күш бермей кететін мықты мемлекетке айналатынын сезген Ресей үкіметі мен Орта Азия хандары Абылайдың билігін әлсірету мақсатында түрлі айла-шарғыларға барады. Ресей әкіметі қазақтың беделді хандарының көзін жоюдың түрлі амалдарын таба білгендігі тарихтан белгілі. Әбілқайыр ханға қарсы Барақ сұлтанды айдаш салса, Әбілмәмбет ханға Абылайды айдаш салмақ болады. Бірақ Абылай орыстың алдауына қонбекен, мұндан сатқын әрекетке бармаған. Қазақ арасындағы Абылайдың беделінің артуынан қорыққан Ресей оны тек орта жүздің ханы ретінде бекітеді. Бір жағы башқұрт, татарларды қазаққа қарсы тиімді пайдаланыш өз мұддесіне жүргізсе, екінші жағынан қол астындағы беделді билерді де айдаш салыш отырған. Абылайды әлсірету үшін ру аралық қырқысты өршіткен, билік құмар билерді өзіне тартып шен-шекпен үlestіру саясаты арқылы Ресей чиновниктері беделді ру басыларын сатып алу үшін оған сый-сияптын аямайды, араннату, ыдырату жолында қолынан келгендей істеп бағады. Қазақ жеріне деңдеге енуді Қытай да, Ресей де қолға ала бастайды. Абылай сыртқы саясатта екі жаққа да құрғақ уәде беру арқылы уақыттан ұтуды мақсат етеді. Осылайша сыртқы жаудың арбауынан сыйылыш кетіп отырған Абылай өзінің көзі тірісінде қазақты сыртқы жауға алдырмай өтеді.

Абылай қайтыс болған соң қазақ арасындағы хандық билік күрг төмендейді, мақсатына қол жеткізген Ресей жергілікті жеке-жеке руларды басқарып отырған ұсақ би-сұлтандарды жоғары көтеру арқылы қазақтың ынтымағын кетіріп, тоз-тозын шығарады. Қазақтың тұтастығын бұзу арқылы оның күпшін әлсіретіп, оған «бөліп ал да, билей бер» саясатын жүргізеді. Хандық билік өзінің өмір сүруін тоқтатқанымен, елдің бірлігі жолында кезінде қазақ хандығының тірегі, идеологы болған әрі оның нығаюы мақсатында еңбек еткен атақты жыраулардың халық алдындағы беделі жоғары болды. Елдікті, тәуелсіздікті ту еткен ақын-жыраулар қазақтың қазақ болыш қалуы үшін кейінгі кезеңдерге дейін ел ішінде өз жұмысын жалғастырып отырды. Ресей әкімшілігі ел ішінен шыққан қазақтың тәуелсіз рухын жырлайтын беделді ақын-жырауларымен ұдайы күрес жүргізіп

отырған, қашпама қысым көріш, Ресей тараҧынан салынған тыымға қарамастаң елді елдікке үйитыш отырған жыршы-жыраулар өсіреле тәуелсіздік жолында жаңын шида еткен батырлары жайлы жоғары рухтағы жырларды шығарып, ел ішіне таратып отырған. Бұл науқан кешегі XX ғасырдың орта шеніне шейін жалғасып келгендігін көреміз.

#### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезінде дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. Жауапты шығарушы М.Байділдаев – Алматы: Жазушы, 1984. – (ҚазССР FA М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты). Т.1. /Кураст. М.Магауин, М.Айділдәев. 1984. – 256 бет.
2. Магауин М.М. Қобыз сарыны. XV-XVIII ғасырларда жасаган қазақ ақын-жыраулары. - Өндөліп 5-ші басылуы. – Алматы: Мектеп, 2003. – 192 б.
3. Тарихи жырлар. Қазақ халық әдебиеті: Көптөмдүк. – Алматы: Білім, 1995. – 287 бет.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 бет.
5. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы: Фылым, 2001. – 376 бет.
6. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1 том. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. Алматы – 1958.

#### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматривается образ казахского хана Абылайхан в произведениях народных поэтов (акын-жырау), который и так занимал огромное место в устной литературе казахского народа в XVIII век, так же исследуется роль устной литературы в описании исторических событий того времени. Народные поэты, описывая героя превратившегося в литературного образа и указывая на их связь с таинственным миром показывают на взаимосвязь между фольклористикой и устной литературой.

**(Abzhet B. Возвеличили ханский дух Алаша)**

#### **SUMMARY**

The article deals with the image of the Kazakh Khan Abylaikhan in the works of folk poets (akyn-zhyrau), which is already occupied a prominent place in the oral literature of the Kazakh people in XVIII century, as well examines the role of oral literature in the description of the historical events of the time. The people's poet, describing the hero transformed in literary image and pointing to their connection with the mysterious world of show the relationship between folklore and oral literature.

**(Abzhet B. Khan's exalted spirit of Alash)**

#### **ÖZET**

Makalede 18.yy. Kazak sözlü edebiyatının geniş bir alanına yayılan Kazak Hanı Abilay'ın ozanşairlerin eserlerindeki suret ve o zamanki tarihi olayları bahsetmede sözlü edebiyatın öneminden bahsedilir. Halk şairleri edebi kahramana dönüßen kişiyi anlatırken onun olağanüstü alemle ilgili olduğunu ispat ederek folklor ile sözlü edebiyatın birbiriyile ilgili olduğunu belirler.

**(Abjet B. Han Ruhunu Alaş'tan Yüceltmıştır)**

ӘОЖ 398.5

**Фатма Ахсен ТҰРАН**

*Доц. Доктор*

*Гази университеті, Анкара*

**Пакизат АДИЕВА**

*филология гылымдарының кандидаты*

*Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ*

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ӘПИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ БАРЫСЫНДАҒЫ ТЫҢДАУШЫНЫҢ РЕАКЦИЯСЫ**

*Тыңдаушы мен орындаушы ғалымдар тараҧынан соңғы кездері көп қозғалыш жүрген маңызды тақырыптардың бірі. Жырды орындау барысындағы тек жырға мән беріш қана қоймай, оның тыңдалуы мен халыққа жетуі туралы зерттеулер жүргізу қазақ ғалымдарымен бірге түрік зерттеушілерінің де назарында болып отыр. Соңдықтан бұл мақалада екі халықтың ғылыми шікірлерін үштастыра отырып, тыңдаушы мен орындаушының жырдағы реакциясын ашу негізге алынды.*

*Кілт сөздер:* Тыңдаушы категориясы, айтушы, әпикалық шығарма, орындаушы мен тыңдаушы байланысы.

Жырларды халыққа жеткізу үшін орындаушының қызметі мен тыңдаушының реакциясы маңызды.

Эпос туындыларында жыр кейішкерлерінің арасындағы диалогпен қатар жыршы мен тыңдаушы арасындағы диалогтық байланыс та айрықша назар аударуды қажет етеді.

“Тыңдаушы – ауызша орындалатын көркем шығармаға құлақ түруші, ден қоюшы, көңіл беруші” [1, 210].

Жырдың құлаққа жетіп, тыңдарманның таңдайын қақтыру – орындаушының қызметі. Олай болса, жыршы мен тыңдаушының арасында да жыр айту барысында үлкен байланыс болады. Ол қандай байланыс? Тыңдаушы тыңдап қана қоймайды. Орындаушы жырды бір сарынмен айтып қана қоймайды. Олай орындалатын болса, мүмкін бүтінгі жыр бізге жетпес еді. Демек, жырдың үрпақтан үрпаққа жетуі екі арақатынастың (диалогтың) нәтижесі деуге болады. Өз туындыларын қаумалаған көпшіліктің арасында бетпе-бет жүріп шығаратын айтушының, маңызды ой, ұтқыр дәлелді пікірлерін, жан дүниесінің, бүтін болмысының, рухани қажеттілігінің азығын, керегін орындаушымен қатар тұрып ләззатына қабылдайтын тыңдаушының бір-біріне ықпалы мол.

“Тыңдаушы категориясы автор категориясы сынды философиялық, эстетикалық, қоғамдық – саяси категория” [2, 8].

Тыңдаушы эпосты тыңдалап отырып жыр ішіндегі желдің көтерлісін сезініп, аттың шабысын естіп, тіпті кейіпкерге болысқандай айғай салып, кейде аяныш сезімдерін білдіреді. Эпикалық жырлардағы дәріптелген кейіпкерлер, әсірленген сценалар (гипербола), қалыптасқан эпитеттер және тағы да басқалары жай ғана жыршының шығармашылық әдіс-амалдарының нәтижесі емес. Айтушы тыңдаушысымен, тыңдаушысы айтушысымен кездесуге ынтық, бұлар кездескен кезде - рухани оқиға орын алады. Әр кезде тыңдаушысы көп болады, көпшілік болып жиналады немесе көпшіліктен тұрады. Яғни, мақаланың мақсаты да сол тыңдаушының әрекетін нақты дәлелдермен анықтап көрсету болып саналады. Сонымен қатар түрік және қазақ жырларын орындау шарттарында тыңдаушы реакциясының ерекшеліктері, ұқсастықтары, тыңдау орындары жайында да салыстырмалар жүргізу. Әр эпикалық шығармандың ішінде өзінің эпикалық уақыты, өзінің эпикалық кеңістігі болады. Орындаушы-жыршы шығармандың мазмұнын бағындалап отырып, өзі де сол құпиялы, тіпті сиқырлы эпос әлеміне кіріп, артынан тыңдармандарды ала жүреді. Бұл – жыршы мен жыр ортасынан шыққан эпос тілі. Бұл тіл арқылы жыршы мен тыңдаушы, екеуіне де ортақ кең дүниеге бір көзқараспен қарап, бірдей ойлап, айналаны бірдей эстетикалық жағынан қабылдау барысында өздеріне ортақ, керек және түсінікті шындықты көреді. Ол көрініс ойдан, қиялдан шығарылған емес, орындаушы мен тыңдаушының ізгі, идеалды, кемшилікіз шындығынан туған көрініс. Демек, эпикалық ортаға ортақ эпикалық тіл, эпикалық кілт болуы тиіс. Сонда, ғасырлар бойы эпикалық жырдың музикалық және көркемді поэтикалық мәтіні өзгеріп отырғанымен ( себебі фольклордың өзі бір орында тұрмайтын құбылыс), эпикалық негізі (оның ішінде музикалық негізі де) сол қалпында қалады. Жыраулық өнердің табиғатына қатысы бар заңдылықтың бірі – жырау мен тыңдаушының арақатынасы. “Тартымды сөзді кім сөйлесе, жартысы - өзінікі, жартысы – кім тыңдаса сонікі”, - дейді халық мәтeli. Әдетте жырау атаулы тыңдаушысының көңіл-күйімен есептеспей отыра алмаған. “Жазушы мен оқушының байланысы кітап арқылы ғана болса, ал жыршы мен тыңдаушы әрдайым бетпе-бет отырады. Олардың байланысы анағұрлым тығыз, бір-біріне тигізетін әсері де даусыз. Ауызша айтылып таралған поэзия тыңдаушысыз тұмақ емес және сол ортаның ой-сезімін, көңіл-күйін білдіретін жыршы, ақынсыз тыңдаушы да жоқ. Сондықтан халық поэзиясында орындалатын шығармага екі жақты әсер болады. Тыңдаушы енжар оқушы емес. Ол – творчестволық процестің тікелей куәгері. Көз алдында туған өнерді бағалай отырып ол батырлық жырдың қалыптасуына белсene араласады. Ауызша шығарылып таратылатын поэзияның ортақ ерекшелігі осында”, - дейді М.Әуезов [3, 111].

Оңтүстік және Солтүстік Сібір Түріктерінде жыраулар өз ұстаздарының ілімінен жалғасып келе жатқан рухтар (дәлірек айтсақ қаһармандардың рухтары) және иелер (кайдың иесі, тайга иесі, су иесі т.б)

## Тұран Ф.А., Адиева П. Қазақ және түрік әпикалық шығармаларын...

тарапынан тағайындалғанына, жетілгеніне сенген. Жыраулар таңдалған уақыттан бастап жыр қаһармандарының рухтары мен иелері арасында байланыста болады. Осындай себепке байланысты эпостың орындалуын тек тыңдаушы ғана емес, рух пен иелерді де қадағалап, оларды да шын деп қабылдаған. Жыр орындалған ортада тек қана жырау мен тыңдаушы ғана емес, рухтар мен иелерге де айрықша орын берілген. Бабында орындалмаған немесе жалаң сөздерге толы жыр, жыраудың рух және иелердің киесіне ұшырап, жазага тартылып, өмірінің қысқаруына себеп болуына сендірген. Рух пен иеге байланысты нанымдар тыңдаушыға да тікелей өсері бар. Жырауга және жырға қарсы жасаған өрекеттер де жазасыз қалмайтындығына тыңдаушы иланған және оны солай қабылдаған. Мысалы, жатып тыңдау тыңдаушының өмірін қысқартады деген ұғым тудырған. Аталмыш халықтарда жыраулар орындаған жырлардың қорушысы және берекет әкелушісі де бар деген сенім болған.

Түрік жырларының басым көпшілігі жалпы бір оқиғаның "проблемалы" болуымен басталады. Бұл ортақ байланыс та. Тыңдаушының бүкіл ыждағаты осы проблемаға қарай төнеді. Шынайы өмірмен байланысы болмаған жыр (адами, жографиялық, айналамен байланыстар) жасанды орындау болып қалады да, тыңдаушылар алдында жырдың барысы ете әлсіз болады. Яғни жырдағы қиял - шынайы өмірмен сіңісп жатуы керек. Тыңдагандар айтылған оқиғаны, жәйті сезінуі тиіс, жырдың ішінде өмір сүруі тиіс, ішіне енуі керек, қаһарманмен байланыс жасау керектігі соншалықты, дастан тыңдаушы нағыз фактімен бетпе-бет келсін. Дастан орындаушы мен тыңдаушы арасында сондықтан бір курделі байланыс туады. Тыңдаушы – орындалған оқиғаның барысын қабылдаушы, алушысы. "Тыңдаушы мен орындаушы арасында қабылдаушы және кері ысыруышы сияқты ерекше бір қарым-қатынас пайда болады. Ауызша жырлау дәстүрінде орындаушының күші: дәстүр, әдет және ғұрыпқа бағынышты күш болады" [4, 70].

Орындаушы тыңдаушының ілтиратына қарай жыр тақырыбын кеңейтіп немесе көлемін азайтып отырады. Эр адам тыңдаушы бола білген, тыңдауга кедергі жоқ, тыңдал қана қоймай, тыңдаған рухани дүниені тыңдаушы көңіліне тоқып, жадында сақтай білген, сақтап қана қоймай, бір-біріне айтып, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе білген. Халықтың жиган-терген рухани тыңдаушы адамның жадында, көкейінде, санаасына, тіпті бей санаасында орын алыш өле-өлгеше бірге болған.

Бір оқиғаны таңдау барысында орындаушы тыңдаушының қабілетін бақылайды және соған лайықты бағдарлама күрады. Ол алдында отырған тыңдаушының жас ерекшеліктеріне қарай, олардың қызығушылығын танытатын тақырыпты арқау етіп алады. Жыршының бір шығармасы үш-төрт күнге ұласуы мүмкін, ол қонақтаган үй иесімен келісіп, бір немесе одан да көп жыр орындауы мүмкін. Мұндай жағдайда тыңдаушы жыршыға өз сый-

сыяптын да көрсөтеді. Дәлірек айтсақ, қолында қандай дүниесі болса береді (сиыр, аты, шапаны, қойы т.б). Ол сыйлықтар жыршыға деген ризашылықтарын көрсету.

Жырдың бірнеше күнге созылуы да, яғни уақыты да тыңдаушыға байланысты. Мысалы, ""Алпамыс"" жырының Фазыл версиясы екі түнді алады. Егер қарсы тараптан (тыңдаушы) сүйіспеншілік артса, онда жыршы жырды ұзата алады. Бақсы (Бахшы) жыр таңдауды әрқашан тыңдаушысының еншісіне береді, бірақ тыңдаушы да көбіне жыршының өзі шешім қабылдағанын қалайды екен" [5, 29-31].

Орындаушы мен тыңдаушы байланысы тек түрік жырларына қатысты нэрсе емес, ол – жалпы эпикалық мәдениетке қатысты дүние. М.Браун Серб-Хорват жыршысы үшін тыңдаушының ең қажетті үш функциясын айтады:

"Тыңдаушылар айтушының орындауындағы репертуар сапалы болғанын қалайды, олар – орындалатын жырдың келешектегі "шынайы" жеткізушілері. Жырдың өмірінің ұзақ болуына ықпалын тигізуіш иесі де болып саналады. Тыңдаушылар сонымен қатар тек қана дастан өлеңдерін таңдаумен ғана емес, өз отбасыларының дастан оқиғаларының кейбір жеке бөліміне сапалы түрде енуіне де әрекет жасайды" [6, 84-85].

Орындаушы-тыңдаушы байланысы туралы зерттеулер түрік халық ауыз әдебиетінде XIX ғасырдан бастап негізге алына бастады. Бірақ, қазақ фольклорындағы іспетті бұл тақырып түрік әдебиетінде де көнік қалғандығы туралы түрік ғалымдарының өздері әңгіме етеді. Маңыздысы, тыңдаушы тобының болуы, жыршыға деген ынтасы.

Тыңдау барысындағы айғай, қолпаштау сияқты әрекеттер жыршының шабытын оятады. Ғалым А.Б.Құнанбаева: "Жыршы әр кез тыңдаушының қолдауын қажет етеді. Тыңдаушының қолпашы, жыршының шабытын оятып күш береді"-дейді [7, 108]. Сондықтан болса керек ғалым Қ. Нұрланова "...тыңдаушы рухани оқиғаның (духовное событие) ішінде, оған қатынасып отырып рухани ләззатқа шомыш бір көтерілсе, сол уақыға бітіп кеткеннен кейін, болғанды, тыңдағанды өзгеге айтып берген сайын сол рухани биіктікке қайта көтеріле береді, көтеріле біледі, рухани самғау сол себептен қайталана береді", - дейді [8, 174]. Қабілетті жырау тыңдаушысын қанаттандырады және тыңдаушы тобы да орындаушының жырды жеткізу ынтасын арттырады. Венгер түркологы Х.Вамбери өзбек дастаны "Юсуф және Ахметтің" орындалуын өз көзімен көріп, мынадай әсерін айтқан: "Тыңдаушылардың бір бөлігі ойға тұнып отырса, енді бір бөлігі қосылып отырады да жалындағы жарқыраган көздері әлде бір әлемде кезіп жүргендей, қиялы ұзақтарда болады, ал, жастар жағы "ахылап", "Я Аллах", "я Аллах" деп айқайлайды. Олар әскерге барғандай және соғысып жатқандай батылдық әрекеттерді өткізіп жатады" [9, 6-7]. Енді бір жағынан көрермен сын да айта алады. Мысалы, Фазыл Юлдашұлы ғашықтық жыры "Сенуберханды" айту үстінде олардың бақытсыз оқиғаларын тыңдарап отырған тыңдаушы "рухымызға күш

## Тұран Ф.А., Адиева П. Қазақ және түрік әпикалық шығармаларын...

беретін қаһармандық жырлар туралы өлеңдер айт бізге" деп ауыл адамдары сын-пікірлерін білдірген [10, 23].

Осы жэйт М.Мурко деген Серб-Хорват жыршысына бір тыңдаушының "Адам мен атты дұрыстап мадақта, ол үшін ақша төлемейсің ғой" [6, 62], – деп айқайтай сөйлеп, оның жырды басқаша айтқанын қалайды. Тыңдаушының орындаушыға деген әсері туралы В.Радлов та тілге тиек еткен. Радлов өзі жазып алған "Манас" жырындағы бір оқиғаның орыс императоры алдында орындалып жатқаны туралы айтады. Император Чар жырдың мазмұнына еніп кеткені соншалықты оқиғадағы қаһарман сияқты барлық жэйтке араласып отырғанын сөз етеді. Бұл жерде В.Радлов орындаушының шеберлігін айтқысы келіп отыр. Қарсысында отырған тыңдаушының қалаудың дұрыс таба білген жыршының өте сақ екенін айтады галым [11, 73].

Түрік дүниесінде орындаушы және тыңдаушы арасындағы байланыстарды өте мұқият зерттеген ғалым Илхам Башгөз саналады. И.Башгөз зерттеу барысында Жырау Мюдамидің "Өксуз Везир" (Жетім Уәзір) атты оқиғасын екі жерде тыңдатады. Шығыс Анадолудағы бір Посхов деген ауылдың шайханасында (кофехана) және оқытушылар үйіндегі жиналған топта жырды орындаиды. Ғалымның түсіндіруінше шайханадағы тыңдаушының әрекеті, көніл күйі мұғалімдер тобына қарағанда әлде қайда көңілдірек болған. Ал, оқытушылар тарапынан құрылған топта ондай көзқарас болмаған. Өйткені екінші тыңдаушы үшін оқиға әрі құрғак, әрі жаңалық болып саналмаған. Тыңдаушының қызығушылығы мұлдем болмағаны соншалық, кейбіреуіп отырған жерінен тұрып кеткендігін айтады [12, 196-197]. Айтылып отырған деректер орындаушының орындау шеберлігімен байланысты. Екінші тыңдаушы тобы, әрине, оқыған адамдар тобы. Ол жерде Жыршының қабілеті тыңдаушы қабілетімен сәйкесіздігін тудырып отыр. Сондықтан осындаі келеңсіздіктерге тұра келеді. Ал, алғашқы қарапайым халық тобыры үшін ол жыр жаңа туынды болуы мүмкін. Сондықтан тыңдаушы және жыршы арасындағы осындаі келеңсіз диалогтық байланыстар әр дайын-ақ болып отырған.

Р.Бердібаев: "Сұлтанбек жыршы жүрттың тілегін анық біліп болған соң, ұзакқа шабатын жүйріктей көсле жөнелетін. Бір жырдың өзін бірнеше сұлу мақаммен айтатын. Оқиғаның мәніне, бағытына, бұрылыштарына және жыршының шабытына орай әуенниң де ырғағы өзгеріп, кейде жоғарылаپ, кейде төмөндеп құбылып отырады. Жырдың әрбір белімінде дауыс екпіні, әуездің құшыруы тыңдаушыны жалықтырмайды, попури орындаған музықант немесе кезектескен кино кадрлары секілді құбылыс елді ынталандыра түседі. Сахалардың олонхусуттары мен қыргыздардың манасшылары жырды тақпактап толғаганда елдің қызығуы эсте төмөндемейтіні әспостың ұлы идеясы мен ғажайып көркемдігіне байланысты. Сұлтанбек жыршы "Қызы Жібекті" немесе "Шора батырды" айтсын, кемінде

бес-алты тамылжыған терме, эн сазын қайталаپ отыратын. Сонда бір жағынан, жүрт жақсы жырдың мазмұнынан ғибрат алса, екінші жағынан, операдағы бірнеше әншіні тыңдағандай ләzzat алатын... Кейбір мезеттерде халайықтың жырдағы оқиғалар ауқымына берілгендей соншалық – ағылтегіл жылап отырғанын көресің... Ол кейде жиналған жүрт терменің қоңырқай жорғасынан жалыққандай болды-ау деген кезде дауысты құрт көтеріп, биік әнге салатын”, - дейді [13, 52].

Қорыта келе, орындаушы мен тыңдаушы арасындағы байланыстың тікелей байланыста екенін, олардың бұл байланысы жалғаса беретіндігін айта кеткіміз келеді. Оқу жазба дәстүрі дамыған заманда тыңдаушының қызметі оқушыға аудықтанып бел-белгілі. Дегенмен, жоғарыдағы көрсеткен мысал пікірлерімізге сүйенсек, тірі де тіке байланыс халықтың санаалық түрғы жағынан ойлау қабілетіне үлкен әсері бар екендігін сөз етуге болады. Аз ғана мақалада, үлкен тақырыпты анализдеу, әрине, мүмкін емес, дегенмен мақсатымыз, сонау ескі эпикалық шығармалардың мындаған гасырлар бойы бүтінгі ұрпаққа жету себебінің қайнар көзі бірден-бір тыңдаушы және орындаушы байланысынан туғандығын айтқымыз келеді.

#### **ӘДЕБІЕТТЕР**

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
2. Кенжеғараев Н.Ж. Қазақ әдебиетіндегі автор мен тыңдаушы (ХV-ХVІІІ): филол. ғыл. канд. ... дисс. – Түркістан, 2007. – 139 б.
3. Әуезов Мұхтар. Шығармалар. Он екі томдық. Мақалалар, зерттеулер . – Алматы: Жазушы, 1969. – Т. 11. – 480 б.
4. Гүмүш X. *Roman Dünyası ve İncelenmesi* (R. Bourneuf ve R Quellet'iden çeviri.). Kültür Bakanlığı Ankara, 1989. - 70-756.
5. Жирмунский В.М., Зариф Н.Т. Узбекский народный героический эпос. -Москва: 1947.-29-316.
6. Браун М. Серб-Хорват қаһармандық дастаны. - Геттинген:1961.- 84-856.
7. Кунанбаева А.Б. Казахский эпос сегодня: Сказитель и сказание. Советская этнография: 1987. 4, 101-110 с.
8. Нұрланова К.Ш. Эстетика художественной культуры казахского народа. – Алматы: Наука, 1987. – С.174.
9. Вамбери Х. Юсуп және Ахмет: Хиуа аузынан жазылған өзбек халық дастаны.- Будапешт. 1911.
10. Мырзаев Т. Халық баксыларының эпикалық репертуары. - Ташкент. 1979.
11. Radlov B. Kuzey Türk boylarının Halk Edebiyatı ömegini. C.5, Önsöz: Kırgız lehçesi. Trans. G.B. Sherman, A. B.Davis. Oral Tradition, 5. 1990. 73-90.
12. Башгоз И. Hikaye Anlatan Aşık ve Dinleyicisi: Bir Hikaye İcerasında Dinleyicinin etkisine Karar vermek için Bir deneme. 1975.- 143-203.
13. Бердібай Р. Сарқылмас қазына. – Алматы: Мектеп, 1983. 247 б.

## **Тұран Ф.А., Адиева П. Қазақ және түрік эпикалық шығармаларын...**

### **РЕЗЮМЕ**

Считается важным роль сказителя и реакция слушателя при объяснении эпоса общественности. При объяснении народных музык или же дастанов, вместе с оригинальным текстом так же важно иметь в виду роль слушателя и сказителя. Целью данной статьи является объяснить и показать реакцию слушателя конкретными доказательствами. Тем не менее будут проводится сравнения об особенностях, сходствах и местах прослушивания реакции слушателя в процессе объяснения Казахских и Эпических дастанов. Проявляем огромное спасибо организации TUBİTAK / Турция, за поддержку подготовки данного исследования.

**(Тұран Ф.А., Адиева П. Реакция слушателя в процессе объяснения казахских и эпических дастанов)**

### **SUMMARY**

The role of storyteller and listener's response is considered important in explanation of the epic to public. With explanation of folk music or destans, along with the original text just as important to keep in mind the role of the listener and narrator. The purpose of this article is to explain and show the reaction of the listener with concrete evidences. Would nonetheless make comparisons about features, similarities and the listening audience reaction during explanation of Kazakh and Turkish epic destans. Many thanks to the organization TUBITAK/Turkey, for supporting the preparation of this research.

**(Turan F.A., Adiyeva P. The reaction of the listener in the explanation process of the Kazakh and Turkish Epic destans)**

### **ÖZET**

Suni destanları dinleyici kitleye tanıtmakta söyleyicinin görevi ile dinleyicinin etkilenme durumu mühim sayılır. Halk türkülerini ya da destanları beyan ederken asıl metini anlatmakla beraber seyirci ile anlatıcının rolünü de göz önünde bulundurmamız gerekmektedir. Makalenin amacı dinleyici hareketini net delillerle açıklayıp göstermektedir. Bununla beraber, Türk ve Kazak destanlarının yapılması sürecindeki dinleyici reaksiyonunun özellikleri, benzerlikleri ve dinleme mekanları hakkında karşılaştırmalar yapılacaktır. Bu çalışmanın hazırlanmasında büyük desteği için TÜBİTAK kurumuna teşekkürlerimizi sunuyoruz.

**(Turan F.A., Adiyeva P. Kazak ve Türk Epik destanların anlatılması sürecindeki dinleyicinin etkilenmesi)**

---

---

## ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

---

ӘОЖ 958.4: 305.8

Қ.С.АНАРБАЕВ

тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақстан инженерлік-педагогикалық Халықтар Достығы университеті

**ҰЛЫ ДАЛА КӨШПЕЛІ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ  
НАНЫМ-СЕНІМДЕРІНДЕГІ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕСІ**  
(«Кодекс Куманикус» (XIII-XIV ғ. басы) жазба ескерткіші  
материалдары бойынша)

*Макалада жалпы адамзаттық мифтерде көрініс беретін кейбір дүниетанымдық жайттарға, ерте және ортағасырлық түрік халықтарындағы наным-сенімдерде көрініс беретін тарихи сабактастықтарға назар аударылған. Автор ерте дүниелік наным-сенімдердің іздерін бүтінгі күнмен байланыстыруыш ортағасырлық жазба жәдігер материалдары арқылы көрсетуді мақсат еткен.*

*Кілт сөздер:* Көшпелілер өркениеті, Кодекс Куманикус, діни терминдер, миф.

Тарихи, философиялық әдебиеттерде «Көшпелілер өркениеті» туралы ой-шілдердің айтыла бастағанына біршама уақыт болды. Алайда, бұл шілдерді жақтаушылардың көлтіреп дәлелдері бола тұра дүниежүзілік мәдениеттану мен тарих ғылымы саласында өз орнын өлі күнге толықтай таба алмай келеді десек қателеспейміз. Әлемдік тарихи ой-шілдерді алмағанда, сол көшпелілердің тарихи мұрагерлеріміз дең санаитын халықтар өкілдерінің де осы өркениетліктің байқалған белгілерін аршып алып, ғылыми талдаудан өткізе келе өздерінің келешегіне пайдалану бағытындағы жұмыстар өте кенжелеп келе жатқан мәселелер қатарында дең санаимыз.

Сол «Көшпелілер өркениетінің» тікелей мирасқорларының бірі және бірегейі түрік халықтары екенін көзі қарақты зерттеушілердің көбі мойындай бастағанына да біршама уақыт өтті. Алайда солардың арасында көшпелілерді тек «қиратушылар, жабайылар» т.б. жағымсыз сипаттаған көретін зерттеушілерге европацентризмнің әсері де жоқ емес. Ал европацентризм бастауы сонау көне «грек-рим дәуірі» аталағын кезеңден бастау алып, күні бүтінге дейін бар, өзіндік зерттеу объектісі мен методологиясы жақсы жолға қойылған дүниеге көзқарас жүйесі десе де болады. Осы жүйеге негізделген тарихты оқып үйренген бірнеше буын ұршақтар «өз жөргегінен жерінгендің» айтып жатудың өзі аргықтау. Ендіңі мақсат тарихи сана арқылы өз-өзін құрметтей алатын, өз тарихының тереңіне бойлай білуді ойлай алатын ұршақтар тәрбиесі үшін керекті жұмыстардың басын ашып алу мен бүтінгі заман талағтарын ескере отырыш, тарих шен дүниетанымдардың ортақ

## Анарбаев Қ.С. Ұлы дала көшпелі тайпаларының көне және...

тұстарын багамдай алатын, сол арқылы «адамзат» деген атты бағалай алатын жаңа түрпatty ел болуға ұмтылу деп білеміз. Ол үшін барлық қоғамдық ғылымдар мен жаратылыстану ғылымдарының жаңалықтары негізінде «өзін-өзі тануға» үнемі құштар ұлт болуды қамтамасыз ететін жайттарға назар аудару керек. Бұл орайда бабалардан қалған немесе сол бабаларымыз туралы жат жүргіткіштер қолымен жазылған жазба жәдігерлерді жаңаша, ең бастысы ғылыми негізде пайымдай білуге ұмтылғанымыз дұрыс.

Зерттеушілер арасында ежелгі мифтерде кездесетін «Кентавр» бейнесі, яғни басы адам, денесі жылқы жүмбақ жануардың да сол көшпелі бабаларымызға қатысы бар екенін айтқандар да жоқ емес. Сол бейне арқылы бабаларымыздың айтақ ойы «...егер басың болмаса, қалған денең жануар» деген ойға саятындағы. Ал ондай жүмбақ бейнелердің адамзаттық аңыздарда аз еместігі байқалады. Кейде оларды қысқа қайырыш, тотемдік нанымдармен ғана байланыстыра саламыз. Ал теренірек талдай түссек кейінгі монотеистік діндерде келтірілетін әпсаналар мен кейбір халықтардың дүниетанымдарында тарихи сабактастықтар ізі байқалатындағы көрінеді. Біз өз зерттеуімізде жалпы адамзаттық мифтерде көрініс беретін кейбір дүниетанымдық жайттарды ерте және ортағасырлық түрік халықтарындағы наным-сенімдерде көрініс беретін тарихи сабактастықтарына тағы бір қырынан назар аударуды мақсат еттік.

Ерте кезең мен бүтінгіні жалғастыруыш уақыт ортағасырлар деп қарасақ, бүтінгі қазақ халқы әлемдік ортағасырлар тарихында көп жағдайларда «қышқақтар» ортақ атаумен көбірек белгілі болғаны рас. Қазақ тілі қышқақ тілінің бір бұтағы деп қарасақ, ортағасырларда сол қышқақ тілінде жазылған жазба ескерткіш «Кодекс Куманикус» материалдарында сакталған деректердегі наным-сенімдерге қатысты материалдардың құндылығы байқалады. Біздің жұмыстың мақсаты да ерте дүниелік наным-сенімдердің іздерін бүтінгі күнмен байланыстыруыш сол ортағасырлық жазба жәдігер материалдары арқылы көрсету болмақ. Жәдігерде дүниетанымдық маңызға ие терминдермен қатар, тотемдік сенімдерге тән сөз тіркестері, аңдар, құстар, төрг түлік атаулары мен діни наным-сенімдерге қатысты терминдер орын алған. Мысалы, «тәңірі», «қам», «бүгі», «су сығыр», «першіпте» т.б. терминдердің тарихи сабактастықтарда жәдігерде көрініс беруі арқылы ортағасырлық қышқақтардың тел дүниетанымы мен діни наным-сенімдеріне қатысты бірқатар жайттар айқындала түседі.

«Кодекс Куманикусте» діни терминдер арасында ең басты термин «Тәңірі» атауы екені анық. Бұл атаудың өзі ежелгі түркілердің «жоғарыдағы бір жаратушы туралы» үғымдарымен тарихи сабактастықта екені көрінеді. Тарихи деректерге қарағанда Түріктер өздерін «тәңіртекті халық санағаны» байқалады. Ежелгі дәуір тарихшысы Геродот жазбаларында келтірілген аңыздардағы скифтердің «тәңіртекті», яғни Зевстің баласы Тарғытайдан

тарауы немесе сол аңыздардың бірінде скифтерді Геракл балалары ретінде түсіндірген туралы айта кеткен жөн сияқты. Соңғы аңызда Гераклдың алыс жерлерге барғаны, онда пері қызымен үйленгені айтылады. Сол перінің қызынан туған ұш баласының бірі Скиф болғаны, аңыз бойынша Геракл еліне қайтар мезгілде «оның мұндағы елінің билігіне кім иелік етуі керек?» деген сүйген жарының сұрағына «ұш баланың қайсысы менің садағымды тарта алса сол иелік етсін» деген жауабы бар. Одан тараған елдің кейінгі оргағасырылық деректерде аталатын «садақшылар елімен» қаншалықты байланысы бар екенін зерттей түскен дұрыс болар еді деп санаймыз.

Осы орайда, аталған мәселелерді пайымдай түсуге көмек боларлық шікілердің арасынан Байбота Серікбайұлының «*Грэодот көшпеллердің сыйынған құдайын білмегендіктен*» (мүмкін алғашқы еуроапентризмнің ықпалымен әдейілеп тастап кеткен. Автор.) *Тарғытайды грек құдайы Зевстен таратыш отырғанын айта келіп*, ежелгі ғұндардың санасындағы «*Көк шен жерден жаратылып, Күн мен Айдың құлдіретімен таққа отырған хүннудың Ұлы шаньюй*» (Н.Я. Бичурин), оргағасырылық түріктердің де өздерінің «тәңіртекті» екенін сезінгенін немесе солай санағанын Құлтегін жазбасындағы «*Тенірі тег теніріде болмыш*», Білге қаған жазбасындағы «*Тенірі тег теніріде йаратмыш*» деген жолдардағы сан ғасырылық сабактастықтарға тоқталған [1, 368]. Ассириялық жазбалар аудармалары бойынша алынған деректердегі «тиграхауда» атауы сақтардың «құдайдың садақшылары» деген мағынаға ие екенін көрсеткен зерттеушілер бар [2, 7]. Сонымен бірге зерттеушінің шікірішке корейлердің де ескі аңыздары бойынша ежелгі Чосон жүртүнің «шығыс садақшылар» деп аталуы, олардың да аргы аталары Аю әйел мен Көк тәңірінің ұлы саналатын Тангун атты ұлдан тарататыны ойландырады. Зерттеуші Тангун атауының өзін «Тан», яғни аспан және «гүн», яғни адам деген сөздердің мағынасынан деп қарастырады [2, С.370]. Дегенмен автордың «шығыс садақшылардың» қатарында **емәк** тайпасының аталатыны туралы, оларды оргағасырылық кимектермен байланысты қарастырған мағлұматтары мен шікілері келешекте арнайы түріктану ғылыми аясында мәселені терендете зерттеуді қажет етегін мәселелердің бірі деп санаймыз.

Шыңдығында да Түріктердің өздерін тәңірдің ерекші назары түскен жүргі ретінде санайтыны Құлтегін жазбаларындағы сөздерден анық байқалады. «*Жоғарыда көк тәңірі, төменде қара жер жарапанда, екеуінің арасында адам баласы жарапан. Адам баласын басқаруға ата-бабам Бумын қаған Истемі қаған отырған. Отрыпп, түркі халқының еллік, заңын ұстай берген, иелік еткен*» деген мәтіндер соның айғағы бола алатында (Құлтегін жазуы. 1-қатар F. Айдаровтың нұсқасы.).

Осы ұғым ислам діні кең тараған түріктер арасында да исламдық сипаттармен астаса көрініс береді. Мысалы Махмұд Қашқари жазбаларында:

## Анараев Қ.С. Ұлы дала көпшелі тайпаларының көне және...

«... Ұлы Тәнірі: «Менің бір тайпа қосыным (эскерім) бар, оларды құншығысқа орналастырдым. Бір ұлысқа ашуланың, назалансам түріктерді соларға қарсы саламы» дегі » деген жолдар арқылы ортағасырлық түріктердің өздерін Жаратушының сардарлары ретінде санаған дүниетанымдық түсінігі болғаны байқалады [3].

Өзге жүргітарда да ежелгі ғұндарды және кейінгі түріктерді «Жаратушының жазалаушы қампысындағы қабылдағанын» көрсететеп тарихи деректер аз емес. Мысалы, ғұн патшасы Аттилаға «бич божий», яғни «құдайдың қампысы» деген лақап атау берген ортағасырлық христиан елі жазбагерлері де «көпшелі тайпалар шабуылдарын» «құдайдың алдында өздері жасаған күнелары үшін келген жаза ретінде» түсіндіретіні бар. Мысалы армян деректерінде де дәл осындағы жағдайлар болғанын көрсететеп мағлұматтар аз емес [4, 66; 125].

Жалшы түріктерде ортақ «Бір Жаратушы» туралы туралы ойдаң іздері болғаны байқалады. Ол «Кек Тәңірісі» деген ұғымға жинақталған сияқты. Ортағасырлық жазба ескерткіш «Кодекс Куманикусте де» құман-қышқақтардың араларында тарай бастаған христиан дініндегі «Құдай» немесе «Бір Жаратушы» ұғымын «Тәңірі» деген атаумен беруі де осы сабактастықты көрсетеді. Мысалы, “KK”-тегі “тәңірі” атауы, тек христиандық *bog* сөзінің баламасы ретіндеған емес, олардың бұрынғы діни наным-сенімдерімен сабактастықтар ізін байқатады. Тәңірі туралы сенімдер тек тілдік материалдардаған емес, таңбалық сипаттағы танымдарында да орын алған. Зерттеуші ғалым Аманқос Мектептегі «Таңбатаңу ілімі және ұлттық идея» атты мақаласында көне түркілердің шеңбер таңбасы «Кек Тәңірлік таңбамен» байланыстыра қарай келе, қазақ халқындағы «тасбақаның» аузындағы шешіті алған адамның өмірде жолы болады, бағы жанады деген сенімдердің жұмбағы көп, соңдықтан тамырларына терең үңілу керектігін және бұндағы тасбақаның «тәңірі» ұғымына байланысы бар деген шікірі бар [5, 81; 88] Шындығында да соңдай нанымдар болса керек. Ортағасырлық жазба жәдігер «KK»-тегі қырық бірінші ретпен берілген “... tengirdan tusgen tokmacık, dort ayaklı shaumasık. Ol kírgi” (яғни «Тәңірден түсken томпашық, Төрг аяқты маймашық» шешпү: *kírgi* А.Қ.) деген жұмбақта да қышқақ-құмандардың наным-сенімдерінің осындағы көне дүниетаным, сенімдермен сабактастықтарының іздері байқалатын сияқты [6]. Тәңірлік таңбалармен кіршінің өзара ұқсастығы туралы олар білген нәрсесін жұмбақ етіп жасырыш отыр деп ой түйіндеуге болатындей.

Жәдігерде *бақсы*, *шаман*, *қамлық* сияқты терминдер құмандардың монотеизмге дейінгі наным-сенімдері туралы мағлұматтар береді. Адамдардың құдайлық құштермен «қарым-қатынасындағы» аралық міндеттер қоғамдағы ерекше тоptың – шамандардың қолында болды, ал шамандар ертедегі түрік мәтіндерінде *қам* деп аталған. Шамандар, сөүегейлер, емшілер, «құдайдың қалауын» жариялаушылар болған. “KK”-тегі

қам, “қам, ол катын дір” деген тіркестер баксылық, шамандықты негізінен әйелдер жасаса керек деген тұжырымға әкеледі.

Наным-сенім салт-дәстүрмен қатар көрінетін белгілі. Құмандардың салт-дәстүрінен хабар беретін “КК”-те “сығыт”- қайғы, қасірет, “тул”-тұл әйел мағынасында айтылған сөздерді осы тұргыдан алғанда маңызды деп санауга болады [7, 118, 129]. Көне түркіде Құлтегін ескерткішінде “сығыт” - жыры туралы айтылады [136, 505]. Бұдан оларда қайғы-қасіретте сығыттау немесе жоқтау айту дәстүрі, ал ері қайтыс болған әйел тұл атанғаны байқалады. Оргасырлық Лаврентьев жылнамасында Игорь жорығы кезінде половец даласында “құстар шулац, аңдар ақырыш, ақкудың қанқылы естілгені” туралы айтылған [8, 75]. Осы деректер олардың (құмандардың, қышқақтардың - А.Қ.) тек тотемдік нанымдарынан ғана хабар беріш қоймай, жау шашқан елдің жылап-сықтағанын, яғни өлгендеріне жоқтау айтқанын байқатады. *Жоқтау айту дәстүрі* қазақ халқында осы күнге дейін сақталған. Бұл дәстүрдің Алтай халықтары арасында да бар екенін Л.П. Потапов еңбектерінен көреміз [9, 267].

